«Бекітемін»

ЖШС «София Ана 2» бөбекжай

бала бақшасының меңгеруші

_____ З.Бердиходжаева

ЖШС «СОФИЯ АНА 2» БӨБЕКЖАЙ БАҚШАСЫНЫҢ 2024-2025 «БАЛАУСА» ОРТА ТОБЫНЫҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ

«Бекітемін»

ЖШС «София Ана2» бөбекжай

бала бақшасының меңгеруші

Ә.Бердиходжаева

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024-2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы : ЖШС «София Ана2» бөбекжай бала бақшасы
Топ/сынып: Ортаңғы топ «Балауса»
Балалардың жасы: 3 жастағы балалар

Айы	Ұйымдас/н іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек 2024 жыл	**Дене шынықтыру**	**Негізгі қимылдар:** Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп жүру. **Тепе - теңдікті сақтау.** Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір қырымен қосалқы қадаммен көлбеу тақтай (20-30 см) жүру. **Жүгіру.** Бірқалыпты жүгіру. **Домалату, лақтыру, қағып алу.** Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру (2,5-5 м қашықтық), **Еңбектеу, өрмелеу.** 4-6 метр қашықтыққа тура еңбектеу. **Секіру.** Тұрған орнында қос аяқпен секіру. **Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.** Бірінің артынан бірі сапқа тұру. **Ырғақтық жаттығулар.** бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау.
	Сөйлеуді дамыту	**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**Дауысты (а, ә,) дыбыстарды анық айтуға үйрету дыбыстардың артикуляциясын нақтылау. **Сөздік қор:**Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, **Тілдің грамматикалық құрылымы:** Сөздерді жіктелуіне, қарай байланыстыру. **Байланыстырып сөйлеу:** Суреттерді, заттарды қарастыруда.
	Қазақ тілі	**Тілдік дамытушы орта** Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен кунделікті еркін ойында. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті** Сөйлеудің дыбыстық мәдениетін ескеріп , артикуляциялық және дыбыстық аппаратты дамыту **Сөздік қор** Ауызекі түрлі балалар әрекетінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануға қалыптастыру.

		Тілдің грамматикалық құрылымы Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату **Байланыстырып сөйлеу** Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту
	Көркем әдебиет	**Кітаптарға қызығу/ты ояту** Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру.
	Математика негіздері	**Сан.** «Көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру. **Шама.** Екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік-аласа, артық-кем) салыстыру. **Геометриялық фигуралар.** Балаларды геометриялық фигура: үшбұрышпен таныстыру. **Кеңістікті бағдарлау.** Өзінің дене мүшелерін бағдарлау **Уақытты бағдарлау.** Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз
	Қоршаған ортамен таныстыру	**Бала, оның отбасы, үйі:** «Мен» бейнесін, құрдастарын, өзін балалар қоғамының бір мүшесі ретінде сезінуге, әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнауға үйрету. Өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалауын, ойында туындаған мәселелерді шешу тәсілдерін дамыту.
	Құрастыру	Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру.
	Сурет салу	Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай дұрыс ұстауды үйрету.
	Мүсіндеу	Сазбалшықтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату,тәсілдерін пайдалана отырып, көгөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеуге үйрету.
	Жапсыру	Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру. Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыру.
	Музыка	Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру.
Айы	**Ұйымдас/н іс-әрекет**	**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері**
Қазан 2024 жыл	**Дене шынықтыру**	**Негізгі қимылдар:** Сапта бір-бірден, екеуден (жұппен) жүру. **Тепе - теңдікті сақтау.** Арқан бойымен жүру, **Жүгіру.** Аяқтың ұшымен жүгіру. **Домалату, лақтыру, қағып алу.** Төменнен екі қолмен көлденең нысанаға лақтыру.

		Еңбектеу, өрмелеу. Заттарды айналып және заттардың арасымен еңбектеу, **Секіру.** 2-3 метр қашықтыққа алға қарай жылжып,
	Сөйлеуді дамыту	**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**Дауысты (е,о) дыбыстарды анық айтуға үйрету дыбыстардың артикуляциясын нақтылау. **Сөздік қор:** Сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, сөздермен байыту. **Тілдің грамматикалық құрылымы:** Сөздерді септелуіне, қарай байланыстыру. **Байланыстырып сөйлеу:** Тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, алған әсерлерімен бөлісуге үйрету.
	Қазақ тілі	**Тілдік дамытушы орта** Дербес әрекеттерде, ауызекі сөйлеуге баулу. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті** Сөйлеу кезінде тыныс алуды дамыту **Сөздік қор:** Күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынастарға байланысты сөздерді(бөпе,аға,апа,іні,қарындас) айтқызу **Тілдің грамматикалық құрылымы** Сөздерді көпше түрде қолдануға үйрету **Байланыстырып сөйлеу** Балалардың айтатын сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру
	Көркем әдебиет	**Кітаптарға қызығушылықты ояту.** Оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау.
	Математика негіздері	**Сан.** Заттардың санын ажыратуға үйрету: **Шама.** Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру. **Геометриялық фигуралар.** Балаларды геометриялық фигура шаршыны таныстыру. **Кеңістікті бағдарлау.** Осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: **Уақытты бағдарлау**. Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: түнде.
	Қоршаған ортамен таныстыру	**Еңбекке баулу** Таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық таныту. Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру. Мүмкіндіктеріне қарай күтушіге, аула сыпырушыға көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау.
	Құрастыру	Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету,
	Сурет салу	Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, әр түрлі пішіндегі (көкөністер мен жемістер, ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар), дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеу.
	Мүсіндеу	Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар).
	Жапсыру	Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын

		үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдану.
	Музыка	**Музыка тыңдау.** Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету. Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру. Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну.

Ай ы	**Ұйымдастырылған іс-әрекет**	**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері**
Қараша 2024 жыл	**Дене шынықтыру**	**Негізгі қимылдар:** Әртүрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап, тапсырмаларды орындай отырып жүру. **Тепе - теңдікті сақтау.** Тура жолмен жүру. **Жүгіру.** Сапта бір-бірден, **Домалату, лақтыру, қағып алу.** Оң және сол қолмен (1,5–2 метр қашықтықтан) допты кеуде тұсынан лақтыру. **Еңбектеу, өрмелеу.** Еденге қойылған тақтай бойымен еңбектеу. **Секіру.** Құрсаудан құрсауға секіру.
	Сөйлеуді дамыту	**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**Дауысты (ұ) дыбысын анық айтуға үйрету дыбыстардың артикуляциясын нақтылау. **Сөздік қор:** Заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, **Тілдің грамматикалық құрылымы:** Зат есімдерді үстінде, астында, тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану. **Байланыстырып сөйлеу:** Шығармаларды тыңдағаннан, алған әсерлерімен бөлісуге үйрету.
	Қазақ тілі	**Тілдік дамытушы орта** Бірлескен әрекеттері туралы келісуге жағдай жасау **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті** Есту қабілеттерін дамыту **Сөздік қор** Тұрмыстық заттардың атауларын дұрыс атату **Тілдің грамматикалық құрылымы** Бұйрық райлы етістіктерді қолдануға баулу (бар,кел,айт) **Байланыстырып сөйлеу** Алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу
	Көркем әдебиет	Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу.

	Математика негіздері	**Сан:** Көп-біреу (біреу-көп), біртекті заттарды топтастыру **Шама:** Заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша) **Геометриялық фигуралар.** Балаларды геометриялық фигурамен: дөңгелекпен таныстыру. **Кеңістікті бағдарлау.** Үстінде-астында **Уақытты бағдарлау**:таңертең
	Қоршаған ортамен таныстыру	Көлік құралдарының түрлерімен және ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру. Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру.
	Құрастыру	**Құрылыс материалдарын құрастыру.** Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу.
	Сурет салу	Бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу.
	Мүсіндеу	Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру.
	Жапсыру	Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін қолдану (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау).
	Музыка	Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге; шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету.

Айы	Ұйымдас/ған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Желтоқсан 2024 жыл	**Дене шынықтыру**	**Негізгі қимылдар:** Қол ұстасып жүру. **Тепе - теңдікті сақтау.** Бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтайшалармен жүру. **Жүгіру.** Алаңның бір жағынан екінші жағына, **Домалату, лақтыру, қағып алу.** (1-1,5 м қашықтық) допты домалату. **Еңбектеу, өрмелеу.** Арқанның астымен еңбектеу. **Секіру**. Заттарды айналып және заттардың арасымен секіру, **Спорттық жаттығулар.** Шанамен сырғанау.
	Сөйлеуді дамыту	**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Дауыссыз (п-б,) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту. **Сөздік қор:** Қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу. **Тілдің грамматикалық құрылымы:** зат есімдерді артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану. **Байланыстырып сөйлеу:** Мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге үйрету.
	Қазақ тілі	**Тілдік дамытушы орта** Ортақ тақырыпта әңгімелесуге баулу. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті** Көрнекілік арқылы,көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау **Сөздік қор:** Жемістердің атауларын дұрыс айту **Тілдің грамматикалық құрылымы** Етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар,кел,айт) **Байланыстырып сөйлеу** Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге баулу
	Көркем әдебиет	Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау.
	Математика негіздері	**Сан.** Олардың біреуін бөліп көрсету. **Шама:** Бір затты екінші затпен беттестіру . **Геометриялық фигура:** Ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру. **Кеңістікті бағдарлау:** алдында-артында. **Уақытты бағдарлау:** кешке
	Қоршаған ортамен таныстыру	**Менің Отаным – Қазақстан.** Балалар тұратын қала мен ауыл, еліміздің астанасы, Қазақстан Республикасының мемлекеттік

		рәміздері туралы білімдерін қалыптастыру. Қазақ халқының дәстүрлі киіз үйімен таныстыру. Балаларды айналасындағы ересектердің жақсы көретінін, оған әрқашан қамқорлық танытатынын білдіре отырып, өзінің туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту.
	Құрастыру	Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату.
	Сурет салу	Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды үйрену.
	Мүсіндеу	Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру.
	Жапсыру	Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу.
	Музыка	Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету; оларды атай білу. Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету.

Айы	**Ұйым/ған іс-әрекет**	**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері**
Қаңтар 2025 жыл	**Дене шынықтыру**	**Негізгі қимылдар:** Арқаннан ұстап жүру. **Тепе - теңдікті сақтау.**Қырлы тақтайдың бойымен жүру. **Жүгіру.** Әр түрлі бағытта жүгіру, **Домалату, лақтыру, қағып алу.** Оң және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі-1,2 м) лақтыру . **Еңбектеу, өрмелеу.** Доғаның астымен (биіктігі 40 см) еңбектеу. **Секіру.** 15-20 см биіктіктен секіру, **Спорттық жаттығулар:** Шанамен бір-бірін сырғанату;
	Сөйлеуді дамыту	**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** дауыссыз (к-қ,) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту. **Тілдің грамматикалық құрылымы:** Зат есімдерді жекеше түрде. **Байланыстырып сөйлеу:** Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну.

	Қазақ тілі	**Тілдік дамытушы орта** Сұрақтарға жауап беруге баулу. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті** Өзіне айтылған сөзді түсінуін дамыту **Сөздік қор** Жануарлардың атауларын дұрыс айту **Тілдің грамматикалық құрылымы** Сөздерді байланыстырып үйрету **Байланыстырып сөйлеу** Таныс ертегілерді өздігінен айтуға баулу
	Көркем әдебиет	Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру.
	Математика негіздері	**Сан:** Қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, «Қанша» сұрағына жауап беру. **Шама:** Жанына қою тәсілдері арқылы салыстыру,
	Қоршаған ортамен таныстыру	Заттық әлем: Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру, заттардың сапалары мен қасиеттерін: сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру.
	Құрастыру	Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын-ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындау.
	Сурет салу	Бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлықпен сүртіп кептіруді үйрету.
	Мүсіндеу	Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру.
	Жапсыру	Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз,
	Музыка	Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды, көңілді) байқауға үйрету. Ән айту.

Айы	**Ұйымдастырылған іс-әрекет**	**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері**
Ақпан 2025 жыл	**Дене шынықтыру**	**Негізгі қимылдар:** Тоқтап, жартылай отырып жүру. **Жүгіру.** Тура, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру. **Домалату, лақтыру, қағып алу.** Аяқтарын алшақ қойып, отырып, 1,5–2 метр қашықтықтан допты бір-біріне домалату.

		Еңбектеу, өрмелеу. Көлбеу модуль бойымен еңбектеу. **Секіру.** Ілініп тұрған затқа қолды тигізіп, **Спорттық жаттығулар:** Биік емес төбеден сырғанау;
	Сөйлеуді дамыту	**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** дауыссыз (т-д,) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту. **Тілдің грамматикалық құрылымы:** Зат есімдерді көпше түрде. **Байланыстырып сөйлеу:** Сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану.
	Қазақ тілі	**Тілдік дамытушы орта** Өз бетінше кітаптарды қарауға үйрету **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті** Қазақ тіліне тән ә, ө дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу **Сөздік қор** төрт түлік атауларын дұрыс айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру **Тілдің грамматикалық құрылымы** Сөз тіркесін құрастыруға үйрету **Байланыстырып сөйлеу** Шағын шығармаларды мазмұны бойынша қайталап айтуға баулу
	Көркем әдебиет	Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу.
	Математика негіздері	**Сан:** Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы. **Шама:** Салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең.
	Қоршаған ортамен таныстыру	**Адамгершілік және патриоттық тәрбие.** Балаларда «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерді дамыту, әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал және іскер, еңбекқор, ұқыпты) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру.
	Құрастыру	Өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнату.
	Сурет салу	**Заттық сурет салу.** Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету.
	Мүсіндеу	Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді мүсіндеуге үйрету.
	Жапсыру	Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына

		дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы көрпе, алаша орамал және т.б. жасау.
	Музыка	Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту). Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету. Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау.
Айы	**Ұйымдастырылған іс-әрекет**	**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері**
Науыз 2025 жыл	**Дене шынықтыру**	**Негізгі қимылдар:** Бұрылып, заттарды айналып жүру. **Жүгіру.** Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы жүгіру. **Домалату, лақтыру, қағып алу.** Заттардың арасымен, қақпаға домалату. **Еңбектеу, өрмелеу.** туннель арқылы еңбектеу **.** **Секіру.** Тұрған орнынан жоғары секіру,
	Сөйлеуді дамыту	**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** дауыссыз (ж-ш,) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту. **Байланыстырып сөйлеу:** Ересектермен диалог құру.
	Қазақ тілі	**Тілдік дамытушы орта** Алған әсері мен қалауын білдіруге баулу **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті** Қ , і дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу **Сөздік қор** Баланың сөздік қорын дамытуда санамақ жаттауға баулу **Тілдің грамматикалық құрылымы** Зат есімді үйрету **Байланыстырып сөйлеу** Шағын шығармалар бойынша сұрақтарға жауап беруге баулу
	Көркем әдебиет	Бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету,
	Математика негіздері	**Сан:** Тең және тең емес заттар тобын салыстыру, Шама: Ені бойынша кең-тар, бірдей, тең.
	Қоршаған ортамен	Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру. Заттар, ойыншықтар, кітаптар және

	таныстыру	ыдыстарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Әртүрлі заттардың атауларын сөйлегенде белсенді қолдану, заттардың атқаратын қызметтерін түсіну, заттардың тобын білдіретін түсініктерді меңгеру. Қоршаған ортаны қабылдау, кеңістікті бағдарлауға үйрету.
	Құрастыру	Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану,
	Сурет салу	Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу.
	Мүсіндеу	Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар) таныстыру. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру.
	Жапсыру	Қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен, тұрмыстық заттарымен таныстыру. Ұнаған дайын заттардың пішіндерін қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіру.
	Музыка	Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау. Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбаңдап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау, ойындарда таныс би қимылдарын қайталау.
Айы	**Ұйымд/ған іс-әрекет**	**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері**
Сәуір 2025 жыл	**Дене шынықтыру**	**Негізгі қимылдар:** Еденге қойылған заттардан аттап жүру **Жүгіру.** Белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру. **Домалату, лақтыру, қағып алу.** Допты жоғары лақтыру, **Еңбектеу, өрмелеу.** Саты бойымен өрмелеу, **Секіру.** Сызықтан секіру,
	Сөйлеуді дамыту	**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** дауыссыз (с-з) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту. **Байланыстырып сөйлеу:** Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану.
	Көркем әдебиет	Онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу.
	Қазақ тілі	**Тілдік дамытушы орта** Сәлемдесуде өтінішін білдіруге, ырзашылдығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті** Ү дыбысын өздігінен дұрыс айтуға баулу **Сөздік қор**

		Баланың сөздік қорын дамытуда тақпақ жаттауға баулу **Тілдің грамматикалық құрылымы** Сын есімді үйрету **Байланыстырып сөйлеу** Шағын ертегі, шығарма бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруге баулу
	Математика негіздері	**Сан.** «Тең бе?», **Шама**: биіктігі бойынша биік-аласа, бірдей, тең.
	Қоршаған ортамен таныстыру	**Өсімдіктер әлемі.** Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Ағаштардың, дала гүлдерінің, кейбір көгөністер мен жемістердің, бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау, өсімдік бөліктерін тану. **Жануарлар әлемі.** Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру, табиғат бұрышын мекендеушілерд бақылау дағдыларын қалыптастыру.
	Құрастыру	Ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыру.
	Сурет салу	Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу.
	Мүсіндеу	Жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар).
	Жапсыру	Жапсыру барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу.
	Музыка	Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.

Айы	**Ұйым/ған іс-әрекет**	**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері**
Мамыр 2025 жыл	**Дене шынықтыру**	**Негізгі қимылдар:** Жан-жаққа баяу айналып жүру. **Жүгіру.** Қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін), тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру. **Домалату, лақтыру, қағып алу.** Төмен - еденге (жерге) соғу, қағып алу. **Еңбектеу, өрмелеу.** Гимнастикалық қабырғаға өрмелеу және одан түсу (биіктігі 1,5 м). **Секіру.** Тұрған орнынан ұзындыққа 40 см қашықтыққа секіру. **Спорттық жаттығулар:** Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебу;

	Сөйлеуді дамыту	**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту. **Байланыстырып сөйлеу:** Таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту.
	Көркем әдебиет	Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету.
	Қазақ тілі	**Тілдік дамытушы орта** Құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті** Ұ дыбысын өздігінен дұрыс айтуға баулу **Сөздік қор** Жаңылтпаш жаттауға баулу **Тілдің грамматикалық құрылымы** Етістікті үйрету **Байланыстырып сөйлеу** Шығарма,ертегілерді өздігінен қайталап айтуға баулу
	Математика негіздері	**Сан.** «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беру. Шама. жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеу.
	Қоршаған ортамен таныстыру	**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.** Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы, көктемгі, жазғы және күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу. **Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау** (саңырауқұлақтар мен жидектерді жемеу, жануарларға тиіспеу, қоқыс қалдырмау, қоқысты жинау, бұтақтарды сындырмау), топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау), серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау) ойын алаңында және құммен, сумен, қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау).
	Құрастыру	Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу.
	Сурет салу	Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу.
	Мүсіндеу	Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу.

	Жапсыру	Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы орамал жасау.
	Музыка	Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлафон, қоңырау, сылдырмақ, маракас және барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру. Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.

Әдіскер З.Бердиходжаева.

«Бекітемін»

ЖШС «София Ана2» бөбекжай

бала бақшасының меңгеруші

Ә.Бердиходжаева

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
2024-2025 оқу жылы

«БАЛАУСА» ОРТА ТОБЫ

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы 2024-2025 оқу жылы

Білім беру ұйымы : ЖШС «София Ана2» бөбекжай бала бақшасы

Топ/сынып: Ортаңғы топ «Балауса»

Балалардың жасы 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 02 -06 қыркүйек 2024 жыл

«Бір тұтас тәрбие» бағдарламасы аясында

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы

Күн тәртібі	**Дүйсенбі** **02.09.2024**	**Сейсенбі** **03.09.2024**	**Сәрсенбі** **04.09.2024**	**Бейсенбі** **05.09.2024**	**Жұма** **06.09.2024**
Балаларды қабылдау	Салемдесу Балалар мен ата-аналарға жақсы көңіл күй тілеу **Медбике тексеруі** **«Апта дәйек сөздері»** Балабақшада апта сайын лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, халық даналығы, көрнекті тұлғалардың ұлағатты сөздерін қолдану **Бір тұтас тәрбие жоспары аясында**	Салемдесу Балаларды әсем әуенмен,көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу **Медбике тексеруі** **Ұлттық құндылықты дәріптеу мақсатында салт дәстүр бойынша бейнеролик көрсету** **Бір тұтас тәрбие жоспары аясында**	Салемдесу Көңіл күй смайликтерімен қарсы алу **Медбике тексеруі** **Ұлттық құндылықты дәріптеу мақсатында ұлттық ойын (Асық ату) ұйымдастыру** **Бір тұтас тәрбие жоспары аясында**	Салемдесу Көңілді әуенмен қарсы алу **Медбике тексеруі** **Қазақстан халқы тілдері күні тақырыптық іс-шара** **Бір тұтас тәрбие жоспары аясында**	Салемдесу Жақсы көңіл күй тілеу **Медбике тексеруі** **Ұлттық құндылықты дәріптеу мақсатында ұлттық ойын (Бес тас) ұйымдастыру** **Бір тұтас тәрбие жоспары аясында**
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Баланы балабақшадан қалдырмау туралы кеңес беруАта-анамен консультация	Балабақшада қойылатын талаптарды біріңғай үйдеде қолдануға кеңес беру Ата-анамен консультация	Үйде балаға балабақша туралы кітап мен мульфильмдер көрсету туралы кеңес беру Ата-анамен консультация	Балабақшада баланың болуы оның өміріндегі маңыздылыгы туралы ата-анаға кеңес беру Ата-анамен консультация	Баланы балабақшаға жақсы көңіл күймен ұйқыдан тұрғызып, аналық мейірім төгіп әкелу туралы кеңес беру Ата-анамен консультация
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**Міндеті**: дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын ояту **Жүгіру ойыны** **Ұшқыштар** Мақсаты: балаларды бір-біріне соғылмай жүгіруге, белгі бойынша қозғалуға үйрету; **Шарты :**Балалар 3-4 топқа бөлінеді.. Түрлі-түсті жалаушалармен белгіленген алаңдарда топтар орналасқан. Бұл- әуежай. «Ұшқыштар ұшуға дайындалыңдар» - деген тәрбиешінің белгісімен балалар әртүрлі бағытта жүгіреді, өз ұшағының қасында тоқтайды, жанармай	**Міндеті:** Дауысты және дауыссыз дыбыстарды анық айты Артикуляциялық жаттығу жасау а-а-а- оо-о-о-о-о п-п-п-п б-б-б-б- **Коммуникативтік дағды** **Сөйлемді дамыту**	**Міндеті:** Дене жаттығуларын секіру арқылы орындауға қызығушылығын арттыру. **Секіру ойыны** **Қояндар мен қасқыр** Мақсаты: Балаларды алғырлыққа, қырағылыққа, татулыққа тәрбиелеу. Ептілік қасиеттерін арттыру. Денсаулықтарын шынықтыру. **Шарты:** Бір бала қасқыр болады, ал қалған балалар қояндар болады. Қояндар өз үйлерінде тығылып жатады, ал қасқыр өзінің апанында жатады. қасқыр апанынан шығып қояндарды қуа жөнеледі. Ұстап алған қояндарды апанына апарады.	**Міндеті:**.Балалардың заттарды салыстыру, оң жақ, сол жақ сияқты түсініктерін дамыту. **Тез ойла** **Ойын Барысы:** Тәрбиеші балаға өзінің алдында, оң, сол жақтарында нелер тұрғанын айтқызу. Кеңістікті бағдарлай білуге үйрету. **Танымдық және физикалық дағдыларды дамыту** **(Математика негізі)**	**Міндеті:** Балаларды отбасы мүшелерінің бейнеленген фотосуреттерін қарауға өзінің отбасы, отбасылық қарым – қатынас не екеінін үйрету **Мен кіммін?** **Мақсаты:** Отбасы мүшелерін атау, жақын қарым қатынас орнату **«Анам және менің сүйікті тағамымыз»** Анасы және қызы бірігіп, сүйікті ас пісіру видеоролигін ұсыну **Тәрбиешімен бірігп еркін әңгіме құру** **(Қоршаған ортамен**

	құйып алады /еңкейеді/, моторды айландырады /қолдарымен кеуденің тұсында айландырады **Физикалық , танымдық дағдыны қалыптастыру**		**Физикалық дағдыны қалыптастыру**		**таныстыру)** **(Аналар мектебі жоспары бойынша жұмыс)**
Таңертенгі жаттығу	**Таңғы жаттығу «**Тәртіппен жүреміз» Сапта тұрып, бірінен кейін бірі тізіліп жүру, жүгіру, аяқ ұшымен жүру. Шеңбер жасап тұру. Тік тұрып, қолды алға, жоғары, жанға созу, төмен түсіру. Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі.	**Таңғы жаттығу** «Ормандағы жануарлар» Тәрбиешінің артынан шеңбер бойында жүру, жеңіл жүгіру, бірінің артынан бірі тұру. Қоянша секіру, аюша қорбаңдау, құсша қанат қағу. Шеңбер құрып тұру. Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі.	**Таңғы жаттығу** «Бірге қозғалайық» «Маған қарай жүріңдер» ойыны. Бір бағытта топтасып жүру. Шеңбер жасап тұру. Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі.	**Таңғы жаттығу** «Күзгі қимылдар» Топтасып жүру, баяу жүгіру. Аяқ ұшымен жүру, қолды сермеу. Шеңбер құрып тұру. Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі.	**Таңғы жаттығу** «Көңілді қадамдар» Сапта тұрып, бір бағытта жүру, жеңіл жүгіру. Аяқ ұшымен жүру, өкшемен жүру. Шеңбер жасап тұру. Қолды алға, жоғары созу, төмен түсіру. Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі.
Таңғы ас	Кейбір балалардың тамақты асықпай жейтінін, ал кейбір балалардың жылдам жейтінін ескере отырып, оларды асықтырмай, керісінше тамақты жақсылап шайнауға, ұсынылғанның бәрін тауысып жеуге үйрету Дұрыс тамақтану дағдысын үйрету	Қолды жуудың маңызын оның денсаулықты сақтау үшін өмірлік қажетті дағды екенін балалармен талқылау. **Жеке бас гииенасы мәдениетін уйрету**	Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу **Коммуникативті дағдыны қалыптастыру** **(Сөйлеуді дамыту)**	Қасық шанышқыны дұрыс пайдалануды уйрету **Дұрыс тамақтану дағдысын уйрету**	тамақ ішіп болғаннан кейін алғыс айту **Коммуникативті дағдыны қалыптастыру** **(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу **«Қауіпсіздік сабағы»** жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. қалыптастыру **Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында**	Барлық орталықтарды балалар әрекетіне қажетті заттар мен материалдармен толықтыру	Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық жасау, көрнекіліктерді дайындау, видео түсіндірмелер дайындау	Барлық орталықтарды балалар әрекетіне қажетті заттар мен материалдармен толықтыру **«Қауіпсіздік сабағы»** жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. қалыптастыру **Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында**	Іс-әрекетке қажетті құралдарды дағдыларға қарай дайындау

Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене шынықтыру** **Міндеті:** Домалату, лақтыру, қағып алу **Еркін ойын** Допты және шариктерді алып балалар өзара лақтырып ойындар ойнау **(Физикалық дағдыларды қалыптастыру)**	**Қазақ тілі** **Міндеті:**Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатынтуыстық қатынастағы сөздерді айтқызу **Тәрбиешімен әңгіме** Тәрбиеші балаларға отбасын мүшелері туралы сұрақтар қояды балалр туыстық қатынастағы атауларды араластырып сөйлемдер құрып, тәрбиешімен балалармен диалогқа түседі **(Коммуникативті дағдыны қалыптастыру** **Сөйлеуді дамыту.)**	**Дене шынықтыру** **Міндеті:**Қимылдарды белсенді орындауды дамыту, қимылдары үйлестіру Сылдыр-сылдыр сылдырмақ. **Барысы:** Ирелең жолмен жүруге, қос аяқпен секіруге (аяқ бірге-аяқ алшақ) үйрету. **(Физикалық дағдыны қалыптасытыру)** .	**Музыка** **Міндеті:** Музыканы эмоционалды көңіл күймен қабылдауға баулу **Музыка тыңдау: «жау-жау жаңбыр»** **Ән үйрену** : Сары бояу сарғалдақ Қызыл бояу қызғалдақ Жасыл бояу жайлауым Іздеп барып сағынып **(Шығармашылық , танымдық дағдыларды дамыту, математика негізі)**	**Дене шынықтыру** **Міндеті:** Спорттық жабдықтарды қолдануда қауіпсіздікті қамтамасыз ету **Барысы:** Үш дөңгелекті велосипедті оңға және солға бұру арқөылы тебуді үйрену (Физикалық , танымдық дағдыларды қалыптастыру Денешынықтыру, математика негізі)
Серуенге дайындық	өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру** **• «Үнемді тұтыну»** **Мақсаты:** Табиғи ресурстар мен жасанды ресурстарды үнемді пайдалану жолын қалыптастыру Бір тұтас тәрбие жоспары аясында	киімдерін шкафтарға салуға, дербестікке дағдыландыру **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру**	сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға **Мемлекеттік тілді меңгерту**	Балаларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу олардың сөйлеуін дамыту **Мемлекеттік тілді меңгерту**	өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру**
Серуен	**Ауа райын бақылау** **Учаскені қоқыстан тазарту** Тырнауышпен, күрекпен жұмыс істеу дағдыларын бекіту. Еңбек нәтижесіне барлығы бірдей жауап беру. Еңбектегі ұжымдық сезімді қалыптастыру **Еңбекке баулу дағдысын қалыптастыру** **Қоқыстарды сұрыптау (Ұсыныс ойын ,Экологиялық мәдениет дағдысы)**	**Желді бақылау** Табиғат бұрышында өсімдіктерді өсіру үшін жер дайындау Балаларды тапсырылған іске тыңғылықты қарауға үйрету. Жұмысты тату жасау, бір - біріне көмектесу **(Экологиялық мәдениет дағдысы)**	**Күнді бақылау** **Гүлзардағы еңбек. Гүлзарды солған өсімдіктерден тазарту** Балаларды қолынан келетін еңбекке араластыру. Ұйымшылдықпен жұмыс жасауға, бір - біріне кедергі жасамауға, ортақ тапсырманы орындауға үйрету. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **(Саяхат ойын, Экологиялық мәдениет дағдысы)**	**Бұлтты бақылау** **Еңбек тапсырмалары** Өз өзіне қызмет ету; серуен соңында ойыншықтарды жинау. Еңбек ете алу қабілетін дамыту, үлкендерге көмек бергісі келетін тілегін тәрбиелеу **(Отбасы құндылықтары ,Экологиялық мәдениет дағдысы)**	**Жаңбырды бақылау** **Табиғи материалдардан қолдан жасалатын зат дайындау** Қарағай бүршіктерімен жұмыс жасап үйрету, балаларды бізді қоршаған табиғаттың әсемдігін көруге тәрбиелеу. Өз еңбегінен рахат алу. **(Әңгіме ойын Экологиялық мәдениет дағдысы)**
Серуеннен оралу	өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-	дербестікке дағдыландыруға, сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын**	өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу	Кір киімдерді тәрбиешіге ескертіп ауыстыру , қолдарын көпіршітіп жуу **Жеке гигиенаны сақтауға баулу**	өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу

	біріне көмектесуге баулу **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыпу**	**қалыптастыпу**	**Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыпу**		**Еңбекке баулу**
Түскі ас	Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу **Коммуникативті дағдыны қалыптастыру (Сөйлеуді дамыту)**	Тамақты дұрыс ішу. Қасықты дұрыс ұстау, майлықты қолдану , нан қиқымын шашпай, сорпамен сусынын төкпей ішуді үйрету. **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**	Қолды жуудың маңызын оның денсаулықты сақтау үшін өмірлік қажетті дағды екенін балалармен талқылау. **Жеке бас гиенасы мәдениетін уйрету**	Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу **Коммуникативті дағдыны қалыптастыру (Сөйлеуді дамыту)**	Қасық шанышқыны дұрыс пайдалануды уйрету **Дұрыс тамақтану дағдысын уйрету Қоршаған орта**
Күндізгі ұйқы	Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою. **(Музыка ән тыңдау дағдысы)**	балалар ұйықтайтын бөлмені алдын-ала желдету ұйықтар алдында балаларға кітап оқу **(Көркем әдебиет)**	ұйықтар алдында балаларға кітап оқу **(Көркем әдебиет)**	балалар ұйықтайтын бөлмені алдын-ала желдету Бесік жырын айту **(Көркем әдебиет ,Салт-дәстүр мәдениетін дамыту)**	ұйықтар алдында балаларға кітап оқу **(Көркем әдебиет)**
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында **«Денсаулық жолдарымен жүргізу »**	тыныш жағдайдан сергектікке біртіндеп көшіру, баланың ағзасын қимыл белсенділігіне дайындау	жағымды музыкамен біртіндеп ояту; - қолдар мен аяқтарды керу, созу, көтеріп, түсіруге жаттығулар, саусақ жаттығуларын орындау; - массаж жолдармен жүргізу	жағымды музыкамен біртіндеп ояту; - қолдар мен аяқтарды керу, созу, көтеріп, түсіруге жаттығулар,Көз жаттығуларын жасау	жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында **«Денсаулық жолдарымен жүргізу »**
Бесін ас	Қолды жуудың маңызын оның денсаулықты сақтау үшін өмірлік қажетті дағды екенін балалармен талқылау. **Жеке бас гиенасы мәдениетін уйрету**	Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу**Коммуникативті дағдыны қалыптастыру (Сөйлеуді дамыту)**	Қасық шанышқыны дұрыс пайдалануды уйрету **Дұрыс тамақтану дағдысын уйрету Қоршаған орта «Қауіпсіздік сабағы»** жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. қалыптастыру **Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында**	тамақ ішіп болғаннан кейін алғыс айту	Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу (Сөйлеуді дамыту, эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**Міндеті:** Балалардың экологиялық мәдениет дағдыларын қалыптастыру, «Түрлі-түсті қақпақтар» акциясын ұйымдастыру «Құм және су» Эксперименттер жобасы (Экологиялық мәдениет дағдысын қалыпьасыру, Эксперимент жасау дағдысы)	**Міндеті:** балаларды геометриялық фигуралармен таныстыру, фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру **Мақсаты:** Балаларға біреуі артық немесе кем санды тауып, атауды үйрету. **Ойын Барысы:** Балалар геометриялық /үшбұрыш, шаршы, дөңгелек және с.с./ пайдаланып, мұғалімнің тапсырмасына үндеместен жауап беруі тиіс. Тәрбиеші тапсырма береді, балалар оны орындайды.: а/дөңгелектерден біреуін артық етіп, үшбұрыштарды қойыңдар /үш дөңгелек салынған сандық карточканы көрсетеді/; б/мұндағы дөңгелектерден біреуін кем етіп, шаршыларды қойыңдар /бес дөңгелек салынған сандық карточканы көрсетеді/; в/дәл осындай пішінді көрсетіңдер /дөңгелекті көрсетеді/және осыларға сәйкес тапсырмаларды көрсетіңдер. **Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту** **Математика негізі**	**Міндеті:** Өсімдік түрін ажырату, қағаз бетіне көлемі мен түсі бойынша жапсыруды үйрету **(жұмбақ жасыру)** Адамдардың бәрі қызығады, Су құймасаң сәні бұзылады. Бұл не? **Табиғат бұрышына саяхат.** **Топтағы гүлдермен таныстыру.** Міне, мынау – қазтамақ деп аталатын гүл. Бөлме гүлі. Ал енді осы гүлді сипаттайық Содан кейін бұл өсімдіктің бейнесін жапсырамыз **(Танымдық дағдыны қалыптастыру, сөйлеуді дамыту, жапсыру)**	**Міндеті: Қоршаған ортаны қабылдау, кеңістікті бағдарлаға үйрету** **Топ бөлмесіне саяхат.** Топ бөлмелерімен, ондағы құрал-жабдықтармен, заттармен таныстырады. Балаларға Әр бөлменің өзіндік ерекшеліктері бар екенін, топтағы заттарды ұқыптылықпен ұстау керек екенін түсіндіру. **«Нені қайда қоямыз?»** дидактикалық ойыны. Ойыншықтарды өз орындарына қояды. **(Қоршаған ортамен таныстыру, танымдық дағдыларды дамыту)**	**Міндеті:** балалардың ересектермен достарымен қарым-қатынас жасауына ықпал ету **"Бізге қонаққа кім келді?" ойыны.** **Мақсаты:** құрдастарына деген достық қарым-қатынасын белсендіру. Ересек адам топтағы екі-үш баланы шетке шығарады және олармен бірге балаларға қонаққа келетін жануарларды бейнелейтіндігімен келіседі. Балалар қандай жануарларды бейнелейтінін шешеді. Балалар шеңберге тұрады. Қонақтар кезекпен үйірмеге кіреді. Ересек адам балаларға айтады: "Қараңдаршы, бізге қандай керемет аң келді, оның көздері қандай, ол қандай әдемі қимылдайды және т.б." Балалар өздеріне қандай аңдар келгенін және олардың көңіл-күйлері қандай болғанын болжауы керек **Қазақ тілі Коммуникативтік дағды**
Серуенге дайындық	өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру**	киімдерін шкафтарға салуға, дербестікке дағдыландыру **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру**	сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға **Мемлекеттік тілді меңгерту**	Балаларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу олардың сөйлеуін дамыту **Мемлекеттік тілді меңгерту**	өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру**
Серуен	**Жапырақтардың түсуін бақылау** *Дидактикалық ойындар. Тәжірибелер мен сұрыптамалар жасау* **«Аяқ астындағы жапырақтар қалай сыбдырлайтынын тыңдау» (Еңбекке баулу , Эко мадениетті дамыту)**	**Тұманды бақылау** *Бақылау* Балаларға неліктен тұман болатындығын түсіндіру. Тұман қалай пайда болатынын, қашан болатынын, қандай пайда келтіретінін еске түсіру. *Екеуі де ұсақ, кішкене су тамшыларынан тұратындықтан бұлттар мен тұман – егіздер. Тұман қалың болғанда айналадағы заттар көрінбейді. Тұман әсіресе, таңертеңгі мезгілде, жер қатты суық болған кезде қалың болады.* Қоршаған әлем жайлы балалардың білімін кеңейту. Ойлау операцияларын, таным қызығушылығын дамыту.	**Шықты бақылау** ***Бақылау*** *Күзде шықтың жиі түсетінін, оның барлық жерлерде күмістей болып жарқырап жататынын атап айту.* Күзде неліктен таңғы мезгілде шық мол түсетінін және ақырындап жоғалып кететінін, ал кей кезде күні бойы сақталатынын балалармен бірге еске түсіру. Табиғат құбылыстарының өзара байланысын көрсету: күн шықты – шық жоғалды. Балалардың эстетикалық қабылдауын дамыту, табиғатқа деген сүйіспеншілігін тәрбиелеу.	**Аспанды бақылау** ***Бақылау*** Балалар назарын ашық, ашық сұр аспанға аударту, ол аспанды жиі бұлыңғыр, сұр бұлттар басып, жиі суық жаңбыр құятынын айту. Табиғаттың күзгі құбылыстары жайлы балалардың ұғымдарын кеңейту. Байқағыштығын, аңғарымпаздығын, салыстыра алуын дамыту. Балалардың сөздік қорын белсенді ету және байыту. **(Еңбекке баулу , Эко мадениетті дамыту)**	**Күзгі өрмектің ұшуын бақылау** *Бақылау* Жәндіктердің қоршаған ортаға бейімделуі туралы нақты ұғымдар беру. Ерте күзде көптеген өрмектің ұшуын көруге болады. Желсіз ашық күндері бұталарға, шөптерге, шарбақтарға ілінген өрмек жіпшелерінен олардың жас қожайындары – кішкене өрмекшілерді көреміз. Өрмекші ұшуға дайындалғанын түсіндіру, өрмекші сабақтың басына шығады да қарнын оған қысады, өрмек сүйелшелерінен жіңішке өрмек шығады, ал оны жылы ауа жоғары көтеріп алып кетеді.

		(Еңбекке баулу , Эко мадениетті дамыту)	**(Еңбекке баулу , Эко мадениетті дамыту)**		**(Еңбекке баулу , Эко мадениетті дамыту)**
Балалардың үйге қайтуы	Бүгінгі күннің қалай өткені туралы, баланың жетістіктері қандай болғаны туралы сөйлесу	Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әнгімелесу Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.	Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу.	.Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.	Балалардың денсаулығы жайлы әнгімелесу

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы 2024-2025 оқу жылы

Білім беру ұйымы : ЖШС «София Ана2» бөбекжай бала бақшасы

Топ/сынып: Ортаңғы топ «Балауса»

Балалардың жасы 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 09 -13 қыркүйек 2024 жыл

«Бір тұтас тәрбие» бағдарламасы аясында

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы

Күн тәртібі	**Дүйсенбі 09.09.2024**	**Сейсенбі 10.09.2024**	**Сәрсенбі 11.09.2024**	**Бейсенбі 12.09.2024**	**Жұма 13.09.2024**
Балаларды қабылдау	Салемдесу Балалар мен ата-аналарға жақсы көңіл күй тілеу **Медбике тексеруі** **ҚР мемлекеттік әнұраны орындалады** **Бір тұтас тәрбие жоспары аясында**	Салемдесу Балаларды әсем әуенмен,көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу **Медбике тексеруі** **Ұлттық құндылықты дәріптеу мақсатында ұлттық ойын (Асық ату) ұйымдастыру** **Бір тұтас тәрбие жоспары аясында**	Салемдесу Көңіл күй смайликтерімен қарсы алу **Медбике тексеруі** **Ұлттық құндылықты дәріптеу мақсатында ұлттық ойын (Бес тас) ұйымдастыру** **Бір тұтас тәрбие жоспары аясында**	Салемдесу Көңілді әуенмен қарсы алу **Медбике тексеруі** **Ұлттық құндылықты дәріптеу мақсатында ұлттық ойын (тоғызқұмалақ) ұйымдастыру** **Бір тұтас тәрбие жоспары аясында**	Салемдесу Жақсы көңіл күй тілеу **Медбике тексеруі** **«Отбасы күні» тақырыптық іс-шара** **Бір тұтас тәрбие жоспары аясында**
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Баланы балабақшадан қалдырмау туралы кеңес беру Ата-анамен консультация **«Апта дәйек сөздері»** Балабақшада апта сайын лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, халық даналығы, көрнекті тұлғалардың ұлағатты сөздерін қолдану **Бір тұтас тәрбие жоспары аясында**	Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау Ата-анамен консультация	Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау Ата-анамен консультация	Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстатйыны жайлы әңгімелесу Ата-анамен консультация	Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу Ата-анамен консультация
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**Міндеті:** Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтауды үйрету **Балабақшалағы ойыншықтар** **Мақсаты:** Балаларды ойыншықтың түрімен таныстырып, ойыншықты әдемі жинауды үйрету. Мәдени гигиеналық дағдылар күнделікті тазылық жұмысы, Сөйлеуді дамыту	**Міндеті:** Бірқалыпты шеңбр бойымен жүру **Дидактикалық ойын:** Дайын бол. **Барысы:** Балалар шеңбермен жүреді. Жүргізуші бір сөз айтады, ал балалар сол сөзді іс-қимылмен көрсетеді. Мысалы: қоян – секіреді, құс – ұшады т.с.с. Физикалық дағдыны дамыту **«Шабыт» жобасы аясында** **«Домбыра күні» концерт және көрме** Ұлттық құндылықты дәріптеу мақсатында көрме ұйымдастыру Бір тұтас тәрбие жоспары	**Міндеті:** Көлденең және тік сызықтарды салу, дөңгелек пішінді заттарды бейнелеуді үйрету **«Суреттер сыры » Мақсаты:** Суретті үлгі бойынша бояп, эстетикалық талғамын дамыту. (Сурет салу)	**Міндеті:**Балалар әдебиетіне , театр әлеміне өызығушылықтарын қалыптастыру **Сюжеттік ойын «Педагог» сюжетті-рөлді ойынының** **Мақсаты:** балалардың, педагогтың әрекетіне қызығушылығын іс жүзінде іске асыру үшін жағдай туғызу. **Барысы:** балалар өздері ұнатқан педагогтарының іс-әрекетін айту, педагог ретінде өзін ұстау туралы айту **(Коммуникативтік**	**Міндеті:** Шешендікке, әдеби тілге баулу **Мақал мәтелдер» Мақсаты:** Айтылған мақал- мәтелді қайталап айтып беруге дағдыландыру (Сөздің қорды дамыту, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) **• «Үнемді тұтыну»** **Мақсаты:** Табиғи ресурстар мен жасанды ресурстарды үнемді пайдалану жолын қалыптастыру Бір тұтас тәрбие жоспары

		аясында		**дағдыларды дамыту Көркем әдебиет, сөйлемді дамыту , Эмоционалды дағдыларды қалыпт)**	аясында
Таңертенгі жаттығу	Сапта тұрып, бірінен кейін бірі тізіліп жүру, жүгіру, аяқ ұшымен жүру. Шеңбер жасап тұру Тік тұрып, қолды алға, жоғары, жанға созу,төмен түсіру **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі**	Тәрбиешінің артынан шеңбер бойында жүру, жеңіл жүгіру, бірінің артынан бірі тұру. Қоянша секіру, аюша қорбаңдау, құсша қанат қағу. Шеңбер құрып тұру. **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі**	«Маған қарай жүріңдер» ойыны.Бір бағытта топтасып жүру. **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі**	Тәрбиешінің артынан шеңбер бойы жай жүру, аяқ ұшымен жүру. Қолды алға созу, жоғары созу, жанына түсіру(**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі**	Психогимнастика: «Күлімдеп амандасайық». «Саусақтар амандасады»: Екі қолдың саусақтарын біртіндеп түйістіру. **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі**
Серуеннен оралу	өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыпу**	дербестікке дағдыландыруға, сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыпу**	өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыпу**	Кір киімдерді тәрбиешіге ескертіп ауыстыру , қолдарын көпіршітіп жуу **Жеке гигиенаны сақтауға баулу**	өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Еңбекке баулу**

Түскі ас	Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу **Коммуникативті дағдыны қалыптастыру**	Тамақты дұрыс ішу. Қасықты дұрыс ұстау, майлықты қолдану , нан қиқымын шашпай, сорпамен сусынын төкпей ішуді үйрету. **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**	Қолды жуудың маңызын оның денсаулықты сақтау үшін өмірлік қажетті дағды екенін балалармен талқылау. **Жеке бас гиенасы мәдениетін уйрету**	Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу **Коммуникативті дағдыны қалыптастыру**	Қасық шанышқыны дұрыс пайдалануды уйрету **Дұрыс тамақтану дағдысын уйрету**
Күндізгі ұйқы	Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. **Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою**. **(Музыка ән тыңдау дағдысы)**	балалар ұйықтайтын бөлмені алдын-ала желдету **Жеті лақ** ертегісін айту Жағымды музыка әуенімен балаларды ұйықтату **(Көркем әдебиет)**	ұйықтар алдында балаларға кітап оқу **Мысық, әтеш және түлкі** ертегісін айту **(Көркем әдебиет)**	балалар ұйықтайтын бөлмені алдын-ала желдету **Бесік жырын айту (Көркем әдебиет ,Салт-дәстүр мәдениетін дамыту)**	ұйықтар алдында балаларға кітап оқу **Торғай мен тышқан** ертегісін айту **(Көркем әдебиет)**
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Балаларға сыртқы келбетін бақылауға үйрету, сабынды дұрыс ұстауға дағдыландыру **Мәдени –гигиеналық шараларды дамыту** **Үнемді пайдалану "Киімді күтіп кию" (Киімді ұқыпты қолдануға үйрету)** **Мақсаты:** Балаларға киімді үнемді пайдалану және оны күтіп киюді үйрету. **Құралдар:** Балалардың киімдері (күртеше, жейде, бас киім). **Өткізу барысы:** Балаларға киімдерді үнемдеп, таза киіп жүрудің маңыздылығын түсіндіру. Ойын барысында киімдерді дұрыс кию және оны сақтап, ұқыпты болуды үйренеді.	тыныш жағдайдан сергектікке біртіндеп көшіру, баланың ағзасын қимыл белсенділігіне дайындау Дене сымбатын түзу болуын қамтамасыз ету	жағымды музыкамен біртіндеп ояту; - қолдар мен аяқтарды керу, созу, көтеріп, түсіруге жаттығулар, саусақ жаттығуларын орындау; - массаж жолдармен жүргізу	жағымды музыкамен біртіндеп ояту; - қолдар мен аяқтарды керу, созу, көтеріп, түсіруге жаттығулар,Көз жаттығуларын жасау **физикалық дағдыларды қалыптастыру**	жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында **«Денсаулық жолдарымен жүргізу »**
Бесін ас	Қолды жуудың маңызын оның денсаулықты сақтау үшін өмірлік қажетті дағды екенін балалармен талқылау. **Жеке бас гиенасы мәдениетін Үйрету**	Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу**Коммуникативті дағдыны қалыптастыру «Өнегелі 15 минут» "Достық пен көмек"** **Мақсаты:** Балаларға бір-біріне көмектесудің және достықтың маңыздылығын үйрету. -Қысқаша достық пен көмектесу туралы әңгіме	Қасық шанышқыны дұрыс пайдалануды уйрету **Дұрыс тамақтану дағдысын Үйрету**	тамақ ішіп болғаннан кейін алғыс айту	Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу (эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)

Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	**«Көктемгі гүлдер» (Мүсіндеу және жапсыру)** **- Міндеті:** Балалардың табиғат құбылыстарын түсінуіне және материалдармен жұмыс істеу қабілеттерін дамыту**.** **- Ойын барысы:** Балалар пластилиннен әртүрлі гүлдерді (қызғалдақ, раушан) мүсіндейді. Одан кейін оларды қағаз бетіне жапсырып, көктемгі гүлзар жасайды. Бұл балалардың табиғаттағы гүлдер туралы білімін арттырып, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытады.	**«Үй жануарлары»** (Мүсіндеу және жапсыру) - Мақсаты: Балалардың жануарлар туралы түсініктерін дамыту және мүсіндеп, жапсыру арқылы оларды бейнелеу. **- Ойын барысы** Балалар пластилиннен үй жануарларын (мысық, ит, қой) мүсіндейді. Жануарларды мүсіндеп болған соң, оларды қағазға жапсырып немесе дайындалған үлгілерге қосады. Балалар әр жануардың пішінін және түсін есте сақтап, материалмен жұмыс істеуді үйренеді	**«Құстарды тамақтандыру» (Мүсіндеу және құрастыру)** **- Міндеті:** Балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттырып, құстарға қамқорлық көрсету түсініктерін дамыту**.** **- Ойын барысы:** Балалар құстарға арналған қорек ыдысын (құстарға арналған жем салатын құты) құрастырады. Олар қағаз, картон және басқа материалдарды қолданып, қорек ыдысын жасайды. Құстарды пластилиннен мүсіндейді, ал кейін оларды құрастырумен байланыстырады. Бұл балалардың табиғатқа деген қамқорлығын және материалдармен жұмыс істеу дағдыларын дамытады.	**«Табиғат бұрышы» (Құрастыру және жапсыру)** **- Міндеті:** Балаларға табиғат құбылыстары туралы білім беру және табиғи материалдарды қолдануды үйрету. **- : Балаларға табиғи материалдар** (жапырақтар, бұтақтар) ұсынылады, және олардан табиғаттың кішкентай көрінісін жасау ұсынылады. Олар жапырақтарды қағазға жапсырып, бұтақтардан ағаштар құрастырады, ал кейін осы көріністі түрлі-түсті қағаздармен толықтырады. Бұл балаларға табиғаттың сұлулығын бейнелеп, өз қолдарымен жасалған бұйымдарды бағалауға көмектеседі.	**«Ғажайып қалашық»** (Құрастыру және мүсіндеу) - Міндеті: Балалардың кеңістік түсінігін, логикалық ойлауын және ұсақ моторикасын дамыту. **- Ойын барысы** : Балалар картон, қағаз және пластилинді қолдана отырып, өздерінің қиялындағы қаланы құрастырады. Олар үйлер, көліктер, ағаштар және адамдарды құрастырып, қалашық жасайды. Бұл тапсырма балалардың кеңістікті түсіну қабілетін дамытып, олардың құрастыру және мүсіндеу шеберліктерін жетілдіреді.
Серуенге дайындық	өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру**	киімдерін шкафтарға салуға, дербестікке дағдыландыру **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру**	сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға **Мемлекеттік тілді меңгерту**	Балаларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу олардың сөйлеуін дамыту **Мемлекеттік тілді меңгерту**	өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру**
Серуен	**Табиғатқа қамқорлық** **-** Қоқыс жинау: Серуен барысында балаларға табиғаттағы қоқыстарды жинау тапсырмасын беріңіз. Бұл оларға қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауға және табиғатты қорғауға үйретеді. **- Өсімдіктерге күтім:** Балаларға ағаштардың жапырақтарын, гүлдерін қарау, оларды суару немесе егу бойынша тапсырмалар беру. Бұл өсімдіктердің өмір сүруіне ықпал етеді. **2. Еңбек дағдыларын дамыту** **-** Жемістер мен көкөністерді жинау: Егер серуен ауыл немесе бақшада өтсе, балаларды жемістер мен көкөністерді жинауға үйрету. Бұл оларға еңбек арқылы өнім алудың маңыздылығын көрсетеді.	**Табиғатпен танысу** **Тақырып:** Ағаштар мен өсімдіктерді зерттеу **Мақсат:** Балаларды ағаштар мен өсімдіктердің түрлерімен таныстыру, оларды күтуге үйрету. **Серуен:** Балалармен жақын маңдағы саябаққа барып, ағаштар мен гүлдерді тамашалау. Іс-шара: Балаларға әртүрлі өсімдіктерді көрсетіп, олардың жапырақтары мен сабақтарын зерттеу. Әр ағаштың атауын айтып, ағаштарды күту туралы түсіндіру. **Еңбекке баулу:** Балаларға бақшаға қалай қамқор болу керектігін көрсетіп, кішкене күрекпен топырақты қопсыту. Адамгершілік, экологиялық білім, еңбекке баулу, қамқорлық дағдыларын қалыптастыру	**Судың маңызы** **Тақырып:** Судың табиғаттағы рөлі **Мақсат:** Судың маңызын түсіндіру, суды үнемді пайдалану жолдарын үйрету. **Серуен:** Су қоймасы немесе бұлақ жанында серуен. **Іс-шара:** Балаларға судың табиғаттағы рөлі мен оның маңызын түсіндіру, суды қалай үнемдеу керек екенін үйрету. **Еңбекке баулу:** Су қоймасына немесе бақшадағы өсімдіктерге су тасып, оларды суару**.** Адамгершілік, экологиялық білім, еңбекке баулу, қамқорлық дағдыларын қалыптастыру	**Тазалық күні** **Тақырып: Т**абиғатты таза ұстау **Мақсат:** Балаларды қоршаған ортаны таза ұстауға баулу, тазалыққа үйрету**.** **Серуен:** Жақын маңдағы табиғи аймаққа серуен. **Іс-шара:** Балалармен бірге серуендеп жүріп, жердегі қоқыстарды жинау. Табиғатты қоқыстан қалай қорғауға болатыны туралы әңгімелесу. **Еңбекке баулу:** Қоқыс жинау мен сұрыптау жұмыстарын көрсету. Балаларға қоқысты қайда және қалай тастау керектігін үйрету. Адамгершілік, экологиялық білім, еңбекке баулу, қамқорлық дағдыларын қалыптастыру	**Гүлдер күні** **Тақырып: Гүлдердің түрлері және оларды күту** **Мақсат:** Гүлдер туралы білімін кеңейту және оларды күтуге баулу. **Серуен: Гүлдер өсетін аймаққа серуен жасау.** **Іс-шара:** Әр гүлдің түрлерін талқылау, олардың хош иістерін сезіну. Гүлдер мен өсімдіктерді өз қолдарымен егіп үйрену. **Еңбекке баулу:** Гүлдерді суару және оларға топырақ қопсыту жұмыстарын жасау. Адамгершілік, экологиялық білім, еңбекке баулу, қамқорлық дағдыларын қалыптастыру

	- Құстарға жем беру: Балаларға құстарға арналған жем шашу немесе арнайы орындар дайындау. Бұл табиғатқа қамқорлық сезімін дамытуға көмектеседі**.** **3. Табиғатпен танысу** **-** Табиғатқа қатысты тапсырмалар: Балаларға табиғаттағы өзгерістерді бақылау, мысалы, жапырақтардың түсі, ағаштардың формасы туралы жазу немесе сурет салу**.** **- Экологиялық білім беру:** Табиғаттың экосистемасы, өсімдіктер мен жануарлардың өзара байланысы туралы мәліметтер беру. Адамгершілік, экологиялық білім, еңбекке баулу, қамқорлық дағдыларын қалыптастыру				
Балалардың үйге қайтуы	Бүгінгі күннің қалай өткені туралы, баланың жетістіктері қандай болғаны туралы сөйлесу	Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.	Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу.	.Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.	Балалардың денсаулығы жайлы әңгімелесу

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы 2024-2025 оқу жылы

Білім беру ұйымы : ЖШС «София Ана2» бөбекжай бала бақшасы
Топ/сынып: Ортаңғы топ «Балауса»
Балалардың жасы 3 жас
Жоспардың құрылу кезеңі 14 - 18 қазан 2024 жыл

Күн тәртібі	**Дүйсенбі 14.10.2024**	**Сейсенбі 15.10.2024**	**Сәрсенбі 16.10.2024**	**Бейсенбі 17.10.2024**	**Жұма 18.10.2024**
Балаларды қабылдау	Салемдесу Балалар мен ата-аналарға жақсы көңіл күй тілеу **Медбике тексеруі** **ҚР мемлекеттік әнұраны**	Салемдесу Балаларды әсем әуенмен,көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу **Медбике тексеруі** **Ұлттық салт –дәстүрлі дәріптеу мақсатында** **Бейнероликтер көрсету**	Салемдесу Көңіл күй смайликтерімен қарсы алу **Медбике тексеруі**	Салемдесу Көңілді әуенмен қарсы алу **Медбике тексеруі**	Салемдесу Жаөсы көңіл күй тілеу **Медбике тексеруі**
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу. Ата-анамен консультация	Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау Ата-анамен консультация	«Менің балабақшам, менің мақтанышым» тақырыбында ата-аналарға көрме ұйымдастыру	Балабақшада баланың болуы оның өміріндегі маңыздылыгы туралы ата-анаға кеңес беру Ата-анамен консультация	Баланы балабақшаға жақсы көңіл күймен ұйқыдан тұрғызып, аналық мейірім төгіп әкелу туралы кеңес беру Ата-анамен консультация
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**"Кім не дейді?"** **- Міндеті:** Жануарлардың дыбыстарын тану және олардың аттарын айтуға үйрету. **- Ойын барысы:** Балаларға жануарлардың суреттері немесе ойыншықтары көрсетіледі. Тәрбиеші әр жануардың атын атап, оның дыбысын шығарады. Мысалы, "Мынау – сиыр. Сиыр "му-му" дейді". Балалар жануардың атын қайталап, оның дыбысын салады. Бұл жаттығу балалардың есте сақтау қабілетін және сөздік қорын дамытады. **Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет,қоршаған ортамен таныстыру іс-әрекеті**	**"Табиғатпен танысайық"** **- Міндеті:** Табиғаттың негізгі элементтерімен танысу және оларды дұрыс атауға үйрету. **- Ойын барысы:** Тәрбиеші балаларға суреттерді көрсетеді немесе табиғат элементтерін көрсетіп (гүлдер, ағаштар, жапырақтар), олардың атын айтады. Балаларға табиғат элементтерін сипаттау және олардың атауларын қайталау ұсынылады. Мысалы, "Бұл – ағаш. Ағаштың жапырақтары бар". **Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет,қоршаған ортамен таныстыру іс-әрекеті**	**Менің қолымда не бар?"** **- Міндеті:** Заттарды атау және олар туралы қарапайым сөйлемдер құрау. **- Ойын барысы:** Тәрбиеші балаларға әртүрлі заттарды (ойыншық, жеміс-жидек, киім т.б.) көрсетеді. Балаларға "Бұл не?" деп сұрақ қояды, ал балалар сол заттың атын айтады. Кейін балаларға қарапайым сөйлемдер құрауға көмектесу ұсынылады. Мысалы, "Бұл – алма. Алма дәмді". **Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет,қоршаған ортамен таныстыру іс-әрекеті**	**"Кім қайда тұрады?"** **- Міндеті:** Жануарлардың мекендерін дұрыс айту және түсіну. **- Ойын барысы:** Балаларға жануарлардың суреттері немесе ойыншықтары беріледі, және олар қайда тұратыны түсіндіріледі. Мысалы, "Қоян орманда тұрады", "Балық суда жүзеді". Балалар осы жануарларды өз орындарына орналастырып, "Қоян орманда", "Балық суда" деп сөйлем құрайды. **Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет,қоршаған ортамен таныстыру іс-әрекеті**	**Қарсы сөздерді үйренеміз"** **- Міндеті:** Қарсы мәндес сөздерді үйрену және оларды қолдану. **- Ойын барысы:** Балаларға қарама-қарсы сипаттағы заттар немесе суреттер көрсетіледі. Мысалы, үлкен-кіші, биік-аласа, жылы-суық. Балаларға мысал келтіріледі: "Бұл – үлкен ау, ал мынау – кішкентай ау". Балалар заттарды атап, олардың айырмашылығын түсіндіреді. **Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет,қоршаған ортамен таныстыру іс-әрекеті**

Таңертенгі жаттығу	**Таңғы жаттығу** **"Ағаш болып тұру" (Икемділік пен тепе-теңдікті дамыту)** **Қозғалыс түрі:** Балалар екі қолдарын жоғары көтеріп, ағаш секілді созылады. **Жаттығу барысы:** Балалар "Ағаш" деген команда бойынша аяқтарын сәл алшақ қойып, қолдарын жоғары көтеріп, ағаш болып тұрады. Педагог оларға: «Жел соғып тұр!» деп айтқанда, балалар ағаш секілді оңға-солға тербеледі. **Қайталау:** 5-6 рет.	**Таңғы жаттығу** **"Құстар ұшып жүр" (Қол бұлшықеттерін дамыту)** **Қозғалыс түрі:** Балалар қанаттарын жайған құстар секілді қолдарын екі жаққа созып, ұшады. **Жаттығу барысы:** Педагог "Құстар ұшып жүр!" деп айтқанда, балалар қанаттарын жайып, бөлменің ішінде жайлап жүгіріп, құстар секілді қалықтайды. **Қайталау:** 3-4 рет, 20-30 секундтан.	**Таңғы жаттығу** **"Допты лақтыру" (Қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіру)** **Қозғалыс түрі:** Балалар еденге отырған қалыпта екі қолдарымен алдына орналасқан допты көтеріп, жоғары қарай лақтырып қайтадан ұстайды. **Жаттығу барысы:** Педагог оларға: «Допты жоғары лақтырыңдар!» деп айтқанда, балалар допты көтеріп, лақтырып, қайтадан қолдарымен ұстап алады. **Қайталау:** 5-7 рет.	**Таңғы жаттығу** **"Аюдың жүрісі" (Арқа мен аяқ бұлшықеттерін дамыту)** **Қозғалыс түрі:** Балалар қолдары мен аяқтарын еденге тигізіп, аю секілді еңбектейді. **Жаттығу барысы:** Педагог "Аю болып жүріңдер!" деп айтқанда, балалар төрт тағандап еңбектеп, бөлме ішінде қозғалады. **Қайталау:** 2-3 айналым бөлме ішінде.	**Таңғы жаттығу** **"Жайқалған гүлдер" (Дене икемділігі мен тыныс алу жаттығулары)** **Қозғалыс түрі:** Балалар гүл секілді төмен еңкейіп, қайта көтеріледі. **Жаттығу барысы:** Педагог"Гүлдер жайқалып өсіп жатыр" дегенде, балалар аяқтарын сәл алшақ қойып, еңкейіп, бірте-бірте жоғары көтеріліп, қолдарын жоғары созады. Олар терең дем алады, содан кейін қолдарын түсіріп, демді шығарады. **Қайталау:** 5-6 рет.
Таңғы ас	Тамақтану кезінде қарапайым мәдени құндылықтарды қалыптастыру Дұрыс тамақтану дағдысын үйрету	Қолды жуудың маңызын оның денсаулықты сақтау үшін өмірлік қажетті дағды екенін балалармен талқылау. **Жеке бас гиенасы мәдениетін уйрету**	Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу **Коммуникативті дағдыны қалыптастыру (Сөйлеуді дамыту)**	Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау Асқа деген құрметті түсіндіру. Бата беріп барып, астан алу **Дұрыс тамақтану дағдысын уйрету**	тамақ ішіп болғаннан кейін алғыс айту **Бата:** Асқа адалды Басқа амандық Денге саулық Берсін аумин **Коммуникативті дағдыны қалыптастыру (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Добым, добым домалақ (екі қолынды айналдыру) Тоқтамайсын домалап (тезірек екі қолды айналдыру) Үстел үстін бұлдірдің (көлымен үстел үстін көрсету) Тәрелкені сындырдың (екі қол алақанымен тарелкені жасау, екі жаққа жылдам шашу) Тентек болып кеттің деп(Сұқ саусақпен ескерту) Тұрмын сені тепкім кеп (екі қол белде, оң аяқпен тебу)	Барлық орталықтарды балалар әрекетіне қажетті заттар мен материалдармен толықтыру **«Қауіпсіздік сабағы»** жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. қалыптастыру	Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық жасау, көрнекіліктерді дайындау, видео түсіндірмелер дайындау **«Өнегелі 15минут»** Тақырып: "Тыңдау және жауап беру" Мақсаты: Біреуді мұқият тыңдауды және жауап беруді үйрету. - Ойын (5 минут): "Мен не айттым?" ойыны (балалар кезекпен қарапайым сөйлемдерді қайталайды).	Барлық орталықтарды балалар әрекетіне қажетті заттар мен материалдармен толықтыру **Су қауіпсіздігі** **Мақсаты:** Балаларға суға жақын жерлерде қауіпсіздікті сақтау қажеттілігін түсіндіру. **Іс-әрекет:**Су қоймаларының жанында ересектерсіз ойнамау керектігін түсіндіру. Балалармен судың қауіпті жерлерін көрсету арқылы түсіндіру (мысалы, терең суға бармау). **Құралдар:** Су қоймаларының суреттері, бассейндерде сақтық шараларын түсіндіретін мультфильмдер.	Іс-әрекетке қажетті құралдарды дағдыларға қарай дайындау **«Қауіпсіздік сабағы»** жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. қалыптастыру
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене шынықтыру** **"Желааяқ"** **Міндеті**: Балалардың жүгіру, шапшаңдық қабілеттерін дамыту. **Қимыл**: Балалар шеңбер	**Қазақ тілі** **Түсін тап!" (Ойын элементі)** **Мақсаты:** Балалардың түстер туралы білімін арттыру және сөздік қорын кеңейту. **Құрал:** Түрлі түсті заттар немесе	**Дене шынықтыру** **"Гүлдер теру"** Балаларға бөлме жағдайында түрлі түсті гүлдерді шашып**,** Балалар тізерлеп отырып, жердегі "гүлдерді" тереді (еңкейіп, қайта	**Музыка** **"Аспаптармен танысу"** **Міндеті :** Балаларды ұлттық музыкалық аспаптармен таныстыру. **Құрал:** Қазақтың ұлттық	**Дене шынықтыру** **"Көбелектердің дем алысы"** **Міндеті**: Балалардың тыныс алуын қалпына келтіру және сабақты тыныш аяқтау. **Қимыл**: Балалар шеңберге

	бойымен бір бағытта жүгіріп, әр айналым сайын жылдамдықты арттырады. Әрбір үш айналымнан кейін баяу жүру жаттығуы жасалады. **(Физикалық дағдыларды қалыптастыру)**	суреттер. **Қимыл:** Мұғалім балаларға түрлі түсті заттарды көрсетеді де, әр түсті атауды сұрайды. Мысалы, «Қандай түс?», балалар «Қызыл!», «Жасыл!», «Көк!» деп жауап береді. Кейін мұғалім түстерді және заттарды байланыстырып, балаларға сұрақтар қояды: «Қызыл алма қайда?» немесе «Сары банан қайда?» Балалар көрсетілген түстер мен заттарды табады. **(Коммуникативті дағдыны қалыптастыру Сөйлеуді дамыту.)**	тұрады). Бұл жаттығу арқылы бел мен арқа бұлшық еттерін созып, тыныштықпен сабақты аяқтайды. (Физикалық , танымдық дағдыларды қалыптастыру Денешынықтыру, математика негізі)	аспаптары – домбыра, даңғыра, асатаяқ, шаңқобыз. **Қимыл:** педагог әрбір аспапты көрсетіп, олардың дыбысын шығарады. Балалар кезек-кезек аспаптарды ұстап көріп, оларды қалай ойнау керектігін көреді. Бұл балалардың музыкалық мәдениетін қалыптастырады. **(музыка –шығармашылық әрекет)**	жиналып, қолдарын екі жаққа жайып, көбелектер сияқты баяу дем алып, қанат қағады. Олар терең дем алып, қолдарын жоғары көтеріп, дем шығарғанда қолдарын ақырын төмен түсіреді. **(Физикалық дағдыны қалыптасытыру, Салауатты өмір салтын қалыптастыру**
	"Түрлі түсті пішіндер" (Мүсіндеу, математика негізі) **Міндеті:** Балаларға негізгі пішіндерді мүсіндеу және олардың түстерін ажыратуға үйрету. **Құралдар:** Түрлі түсті пластилин. **Өткізу барысы:** Балаларға шар, куб және үшбұрыш сияқты негізгі пішіндерді мүсіндеуді ұсынып, сол пішіндерге сәйкес түстерді таңдауды үйрету. Балалар өз мүсіндерін жасай отырып, пішіндерді атап, олардың түсін сипаттайды. **Құрастыру** Қиып берілген қосымша пішіндердің формасын құрастырып шығарады	**"Жеміс ағашы" (Жапсыру және сандық түсініктерді дамыту)** **Міндеті:** Балаларға жапсыру арқылы заттарды құрастыру және сандық ұғымдарды дамыту. **Құралдар:** Түрлі түсті қағаздар, желім, қайшы. **Өткізу барысы:** Балалар түрлі түсті қағаздан алма, алмұрт, жүзім секілді жемістерді қиып, ағашқа жапсырады. Педагог әр жемістің түсін және санын айтып, балаларға жемістерді санауды үйретеді. **Құрастыру** Жеміс бөліктерін құрастырады	**"Үй құрастырайық" (Құрастыру және математика негізі)** **Міндеті:** Балаларға әртүрлі пішіндерден заттарды құрастырып үйрену. **Құралдар:** Түрлі түсті геометриялық пішіндер (қызыл шаршы, жасыл үшбұрыш, сары дөңгелек). **Өткізу барысы:** Балаларға шаршыдан үйдің қабырғасын, үшбұрыштан төбесін, дөңгелектен есігін құрастыру ұсынылады. Балалар пішіндерді реттеп, өз қолдарымен үй құрастырады **Жапсыру** Құрастырып шыққан пішіндерді жапсырады	**"Әлемдегі жануарлар" (Мүсіндеу және қоршаған ортамен таныстыру)** **Міндеті:** Балаларға жануарларды мүсіндеп үйрену және табиғатты тануға баулу. **Құралдар:** Пластилин, мүсіндеуге арналған тақтайшалар. **Өткізу барысы:** Педагог балаларға жануарлардың суреттерін көрсетеді (мысық, ит, қоян) және сол жануарларды пластилиннен мүсіндеуді ұсынады. Әр жануарды мүсіндеп болған соң, балалар оның атын және қайда тіршілік ететінін айтады. **Құрастыру** Берілген жануарлар мен төлдерінің суреттерін құрастыру	**"Сиқырлы көлік құрастырайық" (Құрастыру және қиялды дамыту, жапсыру)** **Міндеті:** Балалардың заттарды құрастыру қабілетін жетілдіру және қиялын дамыту.**Құралдар:** Қағаздан қиылған дөңгелектер, шаршылар, үшбұрыштар, желім, қайшы. **Өткізу барысы:** Балалар әртүрлі пішіндерден көліктің түрлерін (машина, автобус, пойыз) құрастырады. Олар көлікті құрастырып болған соң, қандай көлік екенін сипаттап айтады, жапсырады
Серуенге дайындық	Балалалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу.	Серуенге ойын құралдарын дайындау. (Еңбекке баулу)	Серуенде балаларды жақсы әрекеттер етуге ынталандыру. (Көркем мінез құлық қалыптастыру)	Серуен кезінде ұйымдастырылған еңбек тәрбиесі арқылы еңбек-сүйгіштікке баулу.	Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру.
Серуен	**Жыл мезгілдерінің өзгеруін бақылау** **Мақсаты:** — Жыл мезгілдерінің өзгеруі туралы түсініктерін қалыптастыру ; — әр мезгілдің өз ерекшеліктері туралы	**Күздің алғашқы белгілерін бақылау** **Мақсаты:** — Жыл мезгілдерінің өзгеруі туралы түсініктерін молайту; — Күздің алғашқы белгілері туралы түсініктерін қалыптастыру.	**Гүл егілген клумбаны бақылау** **Мақсаты**: — өсімдіктердің күзгі тіршілігі туралы білімдерін тиянақтау; — кейбір өсімдіктердің дәндерін шашып, құрап үлгергеніне көңіл бөлу; — Күзде гүл ашатын гүлдермен	**Тастарды бақылау** **Мақсаты**: Тастардың өлі табиғат мүшесі екендігі жайлы түсініктерін молайту, олардың әртүрлілігі мен пайдасы туралы білім беру.	**Итті бақылау** **Мақсаты**: Жануарлар өміріне деген қызығушылықтарын арттыру, қиын жағдайда көмек беруге дайын болуға тәрбиелеу. **Бақылау барысы** **Көркем сөз**

	түсініктерін тиянақтау. — **Бақылау барысы** **Жұмбақ жасыру** Ақ киімді біреуі, Сары киімді біреуі, Көк киімді біреуі, Әлем, жәлем киімі, Тағы бірі жүреді. (жылдың төрт мезгілі) Өлеңде не жайлы айтылған? (жыл мезгілдері туралы әңгімелеу) Қазір жылдың қай мезгілі (күз жпйлы әңгімелеу) Қыркүйек айының алғашқы күндері жылы болады. Ағаштарда ең алғашқы сары жапырақтар пайда болады. Жердегі шөптер сарғайып, гүлдер сола бастайды Үлкендер егіс даласындағы жиын-терін жұмыстарын аяқтауға, мал азығын мол етіп жинап алуға асығады. **Зерттеу жұмысы:** Д/О: «Күзге ең алғашқы дайындалған ағашты тап» (қайың, көк терек) Д/О: «Қайың мен теректің ең әдемі күзгі жапырағын тап» **Еңбек** Ойын алаңындағы жапырақтарды жинау. Мақсаты: — орындалған жұмыс нәтижесін көріп қуануға үйрету; — экологиялық мәдениеттерін тәрбиелеу. **Қимылды ойын** «Бәйге». Мақсаты: Тез жүкіруге, ептілікке жаттықтыру. **Жаттығу ойындары Қозғалыстарын қалыптастыру** **Мақсаты: сапта жеңіл, бірқалыпты жүруге жаттықтыру.** **Халық болжамы:** **Жаз жауынды, күз жылы болса, қыс ұзақ болады.**	**Бақылау барысы** **Көркем сөз «Қыркүйек»** Ғ. Өкеев Бір-біріне жер, аспан, Мейірлене қарасқан. Төкпей-шашпай тасып дән Машиналар асыққан. Ұстаз, шәкірт жүздескен, «Қош келіпсіз күз» дескен. Берекелі алтын күз, Ұмытпаймыз салтын біз Қыркүйек айының алғашқы күндері жылы болады. Ағаштарда ең алғашқы сары жапырақтар пайда болады. Жердегі шөптер сарғайып, гүлдер сола бастайды Үлкендер егіс даласындағы жиын-терін жұмыстарын аяқтауға, мал азығын мол етіп жинап алуға асығады. **Зерттеу жұмысы:** Д/О: «Күзге ең алғашқы дайындалған ағашты тап» (қайың, көк терек) Д/О: «Қайың мен теректің ең әдемі күзгі жапырағын тап» **Еңбек** Ойын алаңындағы жапырақтарды жинау. Мақсаты: — орындалған жұмыс нәтижесін көріп қуануға үйрету; — экологиялық мәдениеттерін тәрбиелеу. **Қимылды ойын** «Қуып жет». Мақсаты: Тез жүкіруге, ептілікке жаттықтыру. **Жаттығу ойындары Бөрене үстімен жүру** Мақсаты: Тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру **Мақал: Күз байлығы-ел ырысы.** **(Экологиялық мәдениет дағдысы, Кішіге көмек беру дағдысын қалыптастыру)** **«Кітап Оқу»** **- Мақсаты:** Жұптық оқу арқылы тіл дамыту. **- Іс-әрекет:** Ата-ана баламен бірге балаларға арналған	(астра, настурция) таныстыру **Бақылау барысы**: **Көркем сөз:** Кешкілік пе, күндіз бе, Өсіп тұрған гүлді үзбе. Туған жерді далаға, Тастай алмай жүрміз бе? Жайнап өсіп далада, Көздің жауын ала ма? Бірде бірін жұлғызба, Қасыңдағы балаға**.** **Балаларға сұрақтар:** Гүлдерде күзде қандай өзгерістер болады? Келесі жылы гүлдер өсіру үшін қазір не істеу керек? Қандай гүлдер күзде гүлдейді? **Зерттеу қызметі:** Қураған гүлдерді алып, оның сабақтары мен дәндерін қарау**.** **Д/О: «Суреттеу бойынша тауып ал»** **Еңбек**. Гүлдер дәнін жинап алу. Мақсаты: Балаларға келесі көктемнің қамын қазір ойлау керек екенін түсіндіру. **Қ/О:** «Мені ата». Мақсаты:ымдау және қимыл арқылы жанурлар бейнесін жасау қабылеттерін дамыту. «Қояндар мен түлкі». Мақсаты: тез жүкіру дағдыларын дамыту **Жаттығу ойындары:** Бір-біріне доп лақтыру Мақсаты: жылдамдықтары мен ептіліктерін дамыту **(Саяхат ойын, Экологиялық мәдениет дағдысы)**	**Бақылау барысы** **Зерттеу жұмысы** Бор таспен қатты тасты салыстырып көру, ұру, сындыру (бор үгітіледі, тас сынбайды) **Еңбек** Ауладағы тастарды жинау және олардан композиция құрау. Мақсаты: — Бірігіп жұмыс істеуге үйрету; — Шығармашылық қиялын дамыту. **Қ/О** «Ұшты-ұшты». Мақсаты: — Тәрбиешіні мұқият тыңдауға үйрету; **Жаттығу ойындары** Қозғалысты дамыту. Мақсаты:допты нысанаға лақтыруға жаттықтыру Балалармен асфальтқа түрлі-түсті бормен сурет салу **«Күзгі табиғат»** **(Қоршаған ортамен танысу,Экологиялық мәдениет дағдысы)**	Ей, адамдар, адамдар! Айналаға қараңдар, Зардап шегіп жатпасын, Аш үйіңнің қақпасын, Жануарлар қорғансыз, Далада қалып қоймасын. Балаларға сұрақтар. Иттердің жақсы өмір сүруі, оның иесіне байланысты. Иттер әртүрлі тағамдармен тамақтанады. Олар ботқаларды, ірімшікті, сүтті жей береді. Иттер бәрінен де піскен етті жақсы көреді. Иттің тұқымы (түрлері) өте көп-неміс овчаркасы, тазы (аңшы ит), такса, пудель (бұйра жүнді ит), ротвеилер тағы басқа иттер. Олардың бәрінің бір-бірінен айырмашылығы бар. Иттер ақылды және зиінді. Есте сақтау қабілеттері өте күшті, есту қабілеті өте зор болады. Ол өзінің иесін еш уақытта еш уақытта қиын жағдайда далада қалдырмайды, өз иесіне сатқандық жасамайды. Кейбір адамдар иттер мен мысықтарды далаға қуып жібереді. Ол кезде жануардың өмірі тозаққа айналады. Олардың ішер тамағы нашар, жылы орын жоқ, ешкім еркелетпейді, үй астындағы жертөледе, көшеде мекендеулеріне тура келеді. Олар суықпен аштықтан ауырады, өледі. Мұндай адамдарды жүрексіз адамдар дейді. Сондықтан да үй жануарларын далаға тастамаңдар, оларға қамқор болыңдар! **Еңбек.** Сынған ағаш бұтақтары мен жапырақтарды жинап қоқысқа апару. Мақсаты. Бірлесе жұмыс істеу, мақсатқа жету. Қ/О: «Біз көңілді балалармыз». Мақсаты: Ойын шартын сақтап ойнауға баулу. **Жаттығу ойындары**: Қозғалыстарын дамыту. Мақсаты: Затты көлденең бағытта

	(Ұсыныс ойын ,Экологиялық мәдениет дағдысы)	кітаптарды оқиды. Суреттерді қарап, оларды талқылайды, кейіпкерлердің эмоцияларына назар аударады. **«Әке-ана» мектебі жоспары бойынша, Өнегелі 15 минут**			лақтыру тәсілін меңгерту; Көз өлшемін, қозғалыс координатын, ептіліктерін дамыту. **Тыйым сөз: Ит – жеті қазынаның бірі. Сондықтан оны өлтіруге, азаптауға, қаңғыртып жіберуге болмайды. Олай етсе, иесінің басына жаманшылық үйіріледі.** **(Әңгіме ойын Экологиялық мәдениет дағдысы)**
Серуеннен оралу	өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыпу**	дербестікке дағдыландыруға, сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыпу**	өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыпу**	Кір киімдерді тәрбиешіге ескертіп ауыстыру , қолдарын көпіршітіп жуу **Жеке гигиенаны сақтауға баулу**	өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Еңбекке баулу**
Түскі ас	Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу **Коммуникативті дағдыны қалыптастыру**	**«Таза қолдар»** Балалардың назарын тағамға аудару.Мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс,әдеп ережесі «Тамақ ішкенде сөйлемеймін, құлағыммен тыңдаймын»	**«Ас адамның арқауы»**Балаларға аспазшының жұмысымен таныстыру,сұрақ-жауап	Нан қиқымын шашпаңдар, Жерде жатса баспаңдар. Теріп алып, қастерлеп Торғайларға тастаңдар. **Сөйлеуді дамыту**	Қасық шанышқыны дұрыс пайдалануды уйрету **Дұрыс тамақтану дағдысын уйрету**
Күндізгі ұйқы	Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою. **(Музыка ән тыңдау дағдысы)**	балалар ұйықтайтын бөлмені алдын-ала желдету ұйықтар алдында балаларға кітап оқу **(Көркем әдебиет)**	ұйықтар алдында балаларға кітап оқу **(Көркем әдебиет)**	балалар ұйықтайтын бөлмені алдын-ала желдету Бесік жырын айту **(Көркем әдебиет ,Салт-дәстүр мәдениетін дамыту)**	ұйықтар алдында балаларға кітап оқу **(Көркем әдебиет)**
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында **«Денсаулық жолдарымен жүргізу »**	тыныш жағдайдан сергектікке біртіндеп көшіру, баланың ағзасын қимыл белсенділігіне дайындау	жағымды музыкамен біртіндеп ояту; - қолдар мен аяқтарды керу, созу, көтеріп, түсіруге жаттығулар, саусақ жаттығуларын орындау; - массаж жолдармен жүргізу	жағымды музыкамен біртіндеп ояту; - қолдар мен аяқтарды керу, созу, көтеріп, түсіруге жаттығулар,Көз жаттығуларын жасау	жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында **«Денсаулық жолдарымен жүргізу »**
Бесін ас	Қолды жуудың маңызын оның денсаулықты сақтау үшін өмірлік қажетті дағды екенін балалармен талқылау. **Жеке бас гиенасы мәдениетін уйрету**	Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу**Коммуникативті дағдыны қалыптастыру (Сөйлеуді дамыту)**	Қасық шанышқыны дұрыс пайдалануды уйрету **Дұрыс тамақтану дағдысын уйрету**	тамақ ішіп болғаннан кейін алғыс айту **Үнемді пайдалану "Ойыншықтармен дұрыс ойнайық" (Ойыншықтарды сақтау және пайдалану)** **Мақсаты:** Ойыншықтарды сындырмай, дұрыс ойнап, оларды сақтауға үйрету. **Құралдар:** Әртүрлі ойыншықтар (машиналар,	Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу (Сөйлеуді дамыту, эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)

				қуыршақтар, кубиктер). **Өткізу барысы:** Балаларға ойыншықтарды күтіп, сындырмай дұрыс ойнау, ойыннан кейін жинап қою ережелерін түсіндіру. Ойын барысында мұғалім ойыншықтарды үнемді пайдалану жолдарын көрсетеді.	
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**Міндеті:**Қимылдарды орындауға балалардың дербестігін , шығаршылығын дамыту **Дербес ойын «Қуыршақты тамақтандыр».** Берілген ойыншақ тағамдар арқылы қуыршақты тамақтандыру , тағамдардың пайдасы танысу **(Сөйлеуді дамыту, Физикалық дағдыны дамыту)**	**Міндеті:** Көп бір ұғымдары туралы түсініктерін қалыптастыру **Танымдық-қимылды ойын:** «Аңдар жүрісі» **Мақсаты:** Балалар аңдардың жүрісін салып, санай алады. **(Қоршаған ортамен танысу, математика негізі)** **• «Үнемді тұтыну»** **Мақсаты:** Табиғи ресурстар мен жасанды ресурстарды үнемді пайдалану жолын қалыптастыру Бір тұтас тәрбие жоспары аясында	**Міндеті:** Балалардың өқалауы бойынша бояу техникасын үйрету **Суреттік боямалар «Кім,қайда өмір сүреді»** Мақсаты: Балалар суретті таза бояп, туған жеріндегі жан-жануарлардың мекендерімен таныса алады. **Сурет салу**	**Міндеті:**Кітаптарға қызығушылықтарын ояту **Кітаппен жұмыс «Аспазшы»** Мақсаты: Балалар аспазшы туралы түсіндіре алады. **Сөйлеуді дамыту**	**Міндеті:**Қимылдарды орындауға балалардың дербестігін , шығаршылығын дамыту **Дербес ойын «Мозайка»** Мақсаты:Балалар мазайканың ұсақ бөліктерін орналастыра алады. **Құрастыру**
Балаламен жеке жұмыс	**Түймелерді іл" (Түймелермен ойын)** **Мақсаты:** Саусақтардың икемділігін және назар аудару қабілетін арттыру. **Құралдар:** Үлкен түймелер, жіп немесе арқан. **Өткізу барысы:** Балаларға түймелерді жіпке тізіп, оларды ілу ұсынылады. Педагог оларға түймелерді қалай дұрыс тізу керектігін көрсетеді, және ойын барысында балалар түймелерді тізіп, түстерін атап шығады. **Қол моторикасын дамыту**	**"Жіпке моншақ тізу" (Жұқа мотрикаңы дамыту)** **Мақсаты:** Саусақтардың дәлдігін және көз-саусақ үйлесімділігін дамыту. **Құралдар:** Үлкен моншақтар мен түрлі түсті жіп. **Өткізу барысы:** Балалар моншақтарды жіпке тізеді. Әрбір моншақтың түсін атап, белгілі бір түсті реттілікпен тізуді үйренеді. **Қол моторикасын дамыту**	**"Көңілді пинцеттер" (Заттарды ұстап алу жаттығуы)** **Мақсаты:** Қолдың күшін және үйлесімділігін арттыру.**Құралдар:** Пинцет, түрлі ұсақ заттар (помпондар, таспа, қағаз кесінділері). **Өткізу барысы:** Балалар пинцетпен ұсақ заттарды көтеріп, оларды әртүрлі контейнерлерге салады. Олар қай түсті затты көтеріп жатқанын айтып, түстерді ажыратады. **Қол моторикасын дамыту**	**"Түтікшелерді тесікке сал" (Үйлесімділік пен шоғырлануды дамыту)** **Мақсаты:** Баланың қол моторикасын және назарын дамыту. **Құралдар:** Картон немесе пластик табақ, онда кішкентай тесіктер жасалған, және түрлі түсті түтікшелер. **Өткізу барысы:** Балалар түтікшелерді тесіктерге салуы керек. Ойын барысында мұғалім олардан түтікшелердің түсі мен саны жайлы сұрайды. **Қол моторикасын дамыту**	**"Қайшыны пайдалануды үйренейік" (Қайшымен жұмыс)** **Мақсаты:** Қайшыны дұрыс ұстау және заттарды қиып алу қабілетін дамыту. **Құралдар:** Қайшы, түрлі түсті қағаз. **Өткізу барысы:** Балалар қағаздан қарапайым сызықтар немесе пішіндер қиып алады. Педагог оларға қайшыны дұрыс ұстауды үйретеді. **Қол моторикасын дамыту**
Серуенге дайындық	өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру**	киімдерін шкафтарға салуға, дербестікке дағдыландыру **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру**	сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға **Мемлекеттік тілді меңгерту**	Балаларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу олардың сөйлеуін дамыту **Мемлекеттік тілді меңгерту**	өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру**
Серуен	**Жыл мезгілдерінің өзгеруін бақылау** **Мақсаты:** — Жыл мезгілдерінің өзгеруі туралы түсініктерін қалыптастыру ;	**Күздің алғашқы белгілерін бақылау** **Мақсаты:** — Жыл мезгілдерінің өзгеруі туралы түсініктерін молайту; — Күздің алғашқы белгілері	**Гүл егілген клумбаны бақылау** **Мақсаты**: — өсімдіктердің күзгі тіршілігі туралы білімдерін тиянақтау; — кейбір өсімдіктердің дәндерін шашып, қурап	**Мақсаты**: Тастардың өлі табиғат мүшесі екендігі жайлы түсініктерін молайту, олардың әртүрлілігі мен пайдасы туралы білім беру.	**Итті бақылау** **Мақсаты**: Жануарлар өміріне деген қызығушылықтарын арттыру, қиын жағдайда көмек беруге дайын болуға тәрбиелеу. **Бақылау барысы**

	— әр мезгілдің өз ерекшеліктері туралы түсініктерін тиянақтау. — **Бақылау барысы** **Жұмбақ жасыру** Ақ киімді біреуі, Сары киімді біреуі, Көк киімді біреуі, Әлем, жәлем киімі, Тағы бірі жүреді. (жылдың төрт мезгілі) Өлеңде не жайлы айтылған? (жыл мезгілдері туралы әңгімелеу) Қазір жылдың қай мезгілі (күз жпйлы әңгімелеу) Қыркүйек айының алғашқы күндері жылы болады. Ағаштарда ең алғашқы сары жапырақтар пайда болады. Жердегі шөптер сарғайып, гүлдер сола бастайды Үлкендер егіс даласындағы жиын-терін жұмыстарын аяқтауға, мал азығын мол етіп жинап алуға асығады. **Зерттеу жұмысы:** Д/О: «Күзге ең алғашқы дайындалған ағашты тап» (қайың, көк терек) Д/О: «Қайың мен теректің ең әдемі күзгі жапырағын тап» **Еңбек** Ойын алаңындағы жапырақтарды жинау. Мақсаты: — орындалған жұмыс нәтижесін көріп қуануға үйрету; — экологиялық мәдениеттерін тәрбиелеу. **Қимылды ойын** «Бәйге». Мақсаты: Тез жүкіруге, ептілікке жаттықтыру. **Жаттығу ойындары Қозғалыстарын қалыптастыру** **Мақсаты: сапта жеңіл, бірқалыпты жүруге жаттықтыру.** **Халық болжамы:**	туралы түсініктерін қалыптастыру. **Бақылау барысы** **Көркем сөз «Қыркүйек»** Ғ. Өкеев Бір-біріне жер, аспан, Мейірлене қарасқан. Төкпей-шашпай тасып дән Машиналар асыққан. Ұстаз, шәкірт жүздескен, «Қош келіпсіз күз» дескен. Берекелі алтын күз, Ұмытпаймыз салтын біз Қыркүйек айының алғашқы күндері жылы болады. Ағаштарда ең алғашқы сары жапырақтар пайда болады. Жердегі шөптер сарғайып, гүлдер сола бастайды Үлкендер егіс даласындағы жиын-терін жұмыстарын аяқтауға, мал азығын мол етіп жинап алуға асығады. **Зерттеу жұмысы:** Д/О: «Күзге ең алғашқы дайындалған ағашты тап» (қайың, көк терек) Д/О: «Қайың мен теректің ең әдемі күзгі жапырағын тап» **Еңбек** Ойын алаңындағы жапырақтарды жинау. Мақсаты: — орындалған жұмыс нәтижесін көріп қуануға үйрету; — экологиялық мәдениеттерін тәрбиелеу. **Қимылды ойын** «Қуып жет». Мақсаты: Тез жүкіруге, ептілікке жаттықтыру. **Жаттығу ойындары Бөрене үстімен жүру** Мақсаты: Тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру **Мақал: Күз байлығы-ел ырысы.** **(Экологиялық мәдениет дағдысы, Кішіге көмек беру дағдысын қалыптастыру)**	үлгергеніне көңіл бөлу; — Күзде гүл ашатын гүлдермен (астра, настурция) таныстыру **Бақылау барысы**: **Көркем сөз:** Кешкілік пе, күндіз бе, Өсіп тұрған гүлді үзбе. Туған жерді далаға, Тастай алмай жүрміз бе? Жайнап өсіп далада, Көздің жауын ала ма? Бірде бірін жұлғызба, Қасыңдағы балаға. **Балаларға сұрақтар:** Гүлдерде күзде қандай өзгерістер болады? Келесі жылы гүлдер өсіру үшін қазір не істеу керек? Қандай гүлдер күзде гүлдейді? **Зерттеу қызметі:** Қураған гүлдерді алып, оның сабақтары мен дәндерін қарау. **Д/О: «Суреттеу бойынша тауып ал»** **Еңбек**. Гүлдер дәнін жинап алу. Мақсаты: Балаларға келесі көктемнің қамын қазір ойлау керек екенін түсіндіру. **Қ/О:** «Мені ата». Мақсаты:ымдау және қимыл арқылы жанурлар бейнесін жасау қабылеттерін дамыту. «Қояндар мен түлкі». Мақсаты: тез жүкіру дағдыларын дамыту **Жаттығу ойындары:** Бір-біріне доп лақтыру Мақсаты: жылдамдықтары мен ептіліктерін дамыту **(Саяхат ойын, Экологиялық мәдениет дағдысы)**	**Бақылау барысы** **Зерттеу жұмысы** Бор таспен қатты тасты салыстырып көру, ұру, сындыру (бор үгітіледі, тас сынбайды) **Еңбек** Ауладағы тастарды жинау және олардан композиция құрау. Мақсаты: — Бірігіп жұмыс істеуге үйрету; — Шығармашылық қиялын дамыту. **Қ/О** «Ұшты-ұшты». Мақсаты: — Тәрбиешіні мұқият тыңдауға үйрету; **Жаттығу ойындары** Қозғалысты дамыту. Мақсаты:допты нысанаға лақтыруға жаттықтыру Балалармен асфальтқа түрлі-түсті бормен сурет салу **«Күзгі табиғат»** **(Қоршаған ортамен танысу,Экологиялық мәдениет дағдысы)** **«Отбасы Ағашы»** **- Мақсаты:** Отбасы мүшелерін таныстыру. **- Іс-әрекет:** Ата-ана мен бала бірге үлкен қағазда отбасы ағашын салып, әрбір отбасы мүшесінің атын жазып, суреттерін жапсырады. Балалар отбасының әр мүшесін танып, олардың рөлдерін түсінеді. **«Әке-ана» мектебі жоспары бойынша**	**Көркем сөз** Ей, адамдар, адамдар! Айналаға қараңдар, Зардап шегіп жатпасын, Аш үйіңнің қақпасын, Жануарлар қорғансыз, Далада қалып қоймасын. Балаларға сұрақтар. Иттердің жақсы өмір сүруі, оның иесіне байланысты. Иттер әртүрлі тағамдармен тамақтанады. Олар ботқаларды, ірімшікті, сүтті жей береді. Иттер бәрінен де піскен етті жақсы көреді. Иттің тұқымы (түрлері) өте көп-неміс овчаркасы, тазы (аңшы ит), такса, пудель (бұйра жүнді ит), ротвеилер тағы басқа иттер. Олардың бәрінің бір-бірінен айырмашылығы бар. Иттер ақылды және зиінді. Есте сақтау қабілеттері өте күшті, есту қабілеті өте зор болады. Ол өзінің иесін еш уақытта еш уақытта қиын жағдайда далада қалдырмайды, өз иесіне сатқандық жасамайды. Кейбір адамдар иттер мен мысықтарды далаға қуып жібереді. Ол кезде жануардың өмірі тозаққа айналады. Олардың ішер тамағы нашар, жылы орын жоқ, ешкім еркелетпейді, үй астындағы жертөледе, көшеде мекендеулеріне тура келеді. Олар суықпен аштықтан ауырады, өледі. Мұндай адамдарды жүрексіз адамдар дейді. Сондықтан да үй жануарларын далаға тастамаңдар, оларға қамқор болыңдар! **Еңбек.** Сынған ағаш бұтақтары мен жапырақтарды жинап қоқысқа апару. Мақсаты. Бірлесе жұмыс істеу, мақсатқа жету. Қ/О: «Біз көңілді балалармыз». Мақсаты: Ойын шартын сақтап ойнауға баулу. **Жаттығу ойындары**: Қозғалыстарын дамыту. Мақсаты:

	Жаз жауынды, күз жылы болса, қыс ұзақ болады. **(Ұсыныс ойын ,Экологиялық мәдениет дағдысы)**				Затты көлденең бағытта лақтыру тәсілін меңгерту; Көз өлшемін, қозғалыс координатын, ептіліктерін дамыту. **Тыйым сөз: Ит – жеті қазынаның бірі. Сондықтан оны өлтіруге, азаптауға, қаңғыртып жіберуге болмайды. Олай етсе, иесінің басына жаманшылық үйіріледі.** **(Әңгіме ойын Экологиялық мәдениет дағдысы)**
Балалардың үйге қайтуы	Бүгінгі күннің қалай өткені туралы, баланың жетістіктері қандай болғаны туралы сөйлесу	Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.	Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу.	.Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.	Балалардың денсаулығы жайлы әңгімелесу

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы 2024-2025 оқу жылы

Білім беру ұйымы : ЖШС «София Ана2» бөбекжай бала бақшасы
Топ/сынып: Ортаңғы топ «Балауса»
Балалардың жасы 3 жас
Жоспардың құрылу кезеңі 21- 25 қазан 2024 жыл

Күн тәртібі	**Дүйсенбі** **21.10.2024**	**Сейсенбі** **22.10.2024**	**Сәрсенбі** **23.10.2024**	**Бейсенбі** **24.10.2024**	**Жұма** **25.10.2024**
Балаларды қабылдау	Салемдесу Балалар мен ата-аналарға жақсы көңіл күй тілеу **Медбике тексеруі** **«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» ұлттық ойындар ұйымдастыру «Асық ату» видеороликтер көрсету**	Салемдесу Балаларды әсем әуенмен,көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу **Медбике тексеруі** **«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» ұлттық ойындар ұйымдастыру** **«Тоғызқұмалақ»**	Салемдесу Көңіл күй смайликтерімен қарсы алу **Медбике тексеруі** **«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» ұлттық салт-дәстурге байланысты бейнеролик көрсету ұйымдастыру**	Салемдесу Көңілді әуенмен қарсы алу **Медбике тексеруі** **«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» ұлттық ойындар ұйымдастыру** **«Бес тас»**	Салемдесу Жаөсы көңіл күй тілеу **Медбике тексеруі** **«Еңбек күні»** Балаларды балабақша ауласындағы қоқыстарды тазартып жапырақтарды динауға үйрету
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	**Ата –аналармен әңгіме**: «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**Міндеті:**Ұлттық құндылықтарды дәріптеу **«Бал-бала»** ойыншықтарын тамашалайды. **барысы:** Ән айтып, билейтін ойыншықтар ұлттық құндылықтарымызды дәріптеп, баланың интелектісін дамытады. Сан санап үйретеді. Сан дарды бояу **(Музыка, математика негізі, сурет салу)**	**Міндеті: Заттардың айырмашылығын пішінін, түрін түсін қарастыру, зерттеу дағдыларын дамыту** **Дидактикалық ойын** : « Сиқырлы қорапша» **Барысы: :** Ойыншықтарды қарау және зерттеу,ажыратып олардың түсін, пішінін, бөлшектерін және бөлімдерін атау, заттарды топтастыра білуін жетілдіру. Қазақ және орыс ұлттарының ұлттық ойыншықтар мәдениетіне баулу. Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды дамыту Математика негіздері, Қоршаған ортамен таныстыру, құрастыру	**Міндеті: Заттардың айырмашылығын пішінін, түрін түсін қарастыру, зерттеу дағдыларын дамыту** Ойыншықтар қандай әдемі, Қызыл, сары, қоңір, көк. Түрлі-түрлі түстері, Көз тартады өздері. Іші толған бөлменің, Ойыншығым мол менің. Босқа тізіп қоймаймын, Достарыммен ойнаймын, түстері бойынша дақтаға жапсыру Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды дамыту Математика негіздері, Сөйлеуді дамыту, жапсыру	**<u>Міндеті: Сызықтар арқылы сурет салу дағдыларын қалыптастыру</u>** «Түрлі түсті ленталар» **Барысы:** Сурет оқу іс-әрекеті құрал-жабдығымен танысу.Оларды пайдалану ретін үйрету және ұқыптылыққа тәрбиелеу. Түрлі-түсті бояуларды пайдалана отырып, түзу сызықтар жүргізе білуге үйрету. Ойын арқылы ұзын қысқа ұғымдарын бекіту Шығармашылық дағдыларды дамыту сурет салу	**Міндеті:** Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру **Үстел –үсті ойыны:** **«**Менің балабақшам» **Барысы:** Түрлі-түсті ағаштар беріледі, солардың көмегімен балалар өз қиялындағы балабақшаны құрастыру, текшелерді түстері бойынша ажырату. **(Құрастыру, математика негізі)**
Таңертенгі жаттығу	**"Секіргіш қояндар" (Қарқынды қозғалыс)** **Қозғалыс түрі:** Балалар қоян секілді секіреді. **Жаттығу барысы:** Педагог	**«Тартыламыз» ойыны:** Б.қ.: аяқтың арасы сәл ашық, қол екі жанында Орындалуы: қолды жоғары көтеру, түсіру.	**«Күн» ойыны:** Б.қ.: аяқтың арасы сәл ашық, қол екі жанында,бос, түсірулі. Орындалуы: қолды жоғары көтеру, тартылу, қолды түсіру.	**«Құстар» ойыны:** Б.қ.: аяқтың арасы сәл ашық, қол екі жанында,бос, түсірулі. Орындалуы: Қолдарды екі жаққа созу, сермеу, түсіру.	**«Шапалақта» ойыны:** Б.қ.: аяқтың арасы сәл ашық, қол екі жанында,бос, түсірулі. Орындалуы:Қолды алға созу, шапалақтау, түсіру.

	«Қояндар секіреді!» деп айтқанда, балалар секіріп, қоян секілді жылдам қозғалады. **Қайталау:** 5-7 рет.	Қайталануы: 4 рет **«Иілеміз» ойыны:** Б.қ.: аяқ иық деңгейінен алшақ, қол төменде Орындалуы: алға иілу, қолды еденге тигізу, тіктелу Қайталануы: 4-5 рет	Қайталануы: 4 рет. **«Тук-тук» ойыны:** Б.қ.: аяқ иық деңгейінен алшақ, қол төменде Орындалуы: алға иілу, алақандарымен тізелерін соғу. Қайталануы: 4-5 рет. **«Жасырынбақ» ойыны:** Б.қ.: аяқтың арасы сәл ашық, қол төменде Орындалуы: жүрелеп отыру – «балалар тығылды», алақандарды тізеге қою. Қайталануы: 4-5 рет	Қайталануы: 4 рет **«Құстар су ішеді» ойыны:** Б.қ.: аяқ иық деңгейінен алшақ, қол төменде Орындалуы: алға еңкею, қолды артқа жіберу, тіктелу. Қайталануы: 4-5 рет **«Секең-секең секір» ойыны:** Б.қ.: еркін Орындалуы: бір орында секіру Қайталануы: 6-8 рет, жүрумен алмастыру.	Қайталануы: 4 рет **«Сарымсақ» ойыны:** Б.қ.: аяқ иық деңгейінен алшақ, қол төменде Орындалуы: алға еңкею, қолды екі жаққа созу, тіктелу. Қайталануы: 4-5 рет **«Серіппелер» ойыны:** Б.қ.: еркін Орындалуы: бір орында жеңіл жартылай отырып тұру Қайталануы: 6-8 рет, жүрумен алмастыру.
Таңғы ас	Майлықты дұрыс қолдануды, нанды үгітпей жеу қажет екенін ескертіп отыру Мәдениетті тамақтану дағдысын үйрету	Қолды жуудың маңызын оның денсаулықты сақтау үшін өмірлік қажетті дағды екенін балалармен талқылау. **Жеке бас гиенасы мәдениетін үйрету**	Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу **Коммуникативті дағдыны қалыптастыру (Сөйлеуді дамыту)**	Қасық ,шанышқыны дұрыс пайдалануды уйрету **Дұрыс тамақтану дағдысын уйрету**	тамақ ішіп болғаннан кейін алғыс айту **Коммуникативті дағдыны қалыптастыру (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу	Барлық орталықтарды балалар әрекетіне қажетті заттар мен материалдармен толықтыру **«Өнегелі 15 минут»** Отбасы туралы өнегелі өсиет айту Мысалы: Балалар отбасы ол үлкен бақыт. Сендердің ата-аналарың, бауырларың бар , олар сендерге әрқашан қомқор болады.	Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық жасау, көрнекіліктерді дайындау, видео түсіндірмелер дайындау	Барлық орталықтарды балалар әрекетіне қажетті заттар мен материалдармен толықтыру	Іс-әрекетке қажетті құралдарды дағдыларға қарай дайындау
